

Жеңіс күні құтты болсын!



AIQYN  
апта

СЕНБИ №52 (4737)  
9.05.2026



e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com  
www.facebook.com/aikyn.kz  
@aikyngazeti  
www.aikyn.kz

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН  
ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты отандастар!

Сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін біз майдан даласында Отан үшін от кешіп, ерлік жасаған жауынгерлерге және тылда табанды еңбек еткен ардагерлерге шынайы ризашылық сезіммен тағзым етеміз. Қасіретті жылдардың барлық ауыртпалығын қайыспай көтеріп, Жеңіске жеткен аға буынға айрықша құрмет көрсетеміз.

Еліміз ортақ Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде миллиондаған отандасымыз жанқиярлықпен шайқасты, аянбай жұмыс істеп, әскерді керек-жарақпен қамтамасыз етті.

Жүзден астам жерлесіміз «Даңк» орденінің толық кавалері атанды, бес жүз адам Батыр атағын алды, ондаған мың азамат жауынгерлік ерлігі және қажырлы еңбегі үшін марапатталды.

Біз аға буынның өшпес данқын ешқашан ұмытпаймыз. Жаужүрек сардарлар мен сарбаздардың құрметіне мемориалдар орнатылды, кітаптар шығарылып, фильмдер түсірілді, сондай-ақ көшелерге, мектептерге, музейлерге, әуежайларға, әскери бөлімдер мен институттарға ел қорғаған ерлердің есімі беріліп жатыр.

Қаһарман ардагерлеріміздің ерен ерлігінің мән-мағынасын өскелең ұрпақтың санасына сіңіру – бүгінгі буынның қасиетті парызы. Біз ержүрек майдангерлердің қайтпас қайсарлығы мен асқақ рухының арқасында дербес әрі бейбіт елде өмір сүріп келеміз, сондай-ақ төл мәдениетімізді дамытып, қазіргі заманның игілігін сезініп отырмыз. Қазақстанды бүкіл әлем біледі және құрметтейді. Біз жана Конституция ережелеріне сәйкес Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ата заңымыз ешкімді ұлтына, наным-сеніміне қарай бөліп-жармайды, барлық азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бірдей қорғайды.

Ұлы Жеңіс күні – ең алдымен жауынгерлік ерлігі мен жігерлі еңбегінің арқасында мамыражай заманға жеткізген батырларымыздың есімін ел жадында жаңғырту күні. Бұл – ұлан-асыр тойға емес, мәнді әрі мағыналы ойға шақыратын мереке.

Халқымыздың бейбіт өмірге және өсіп-өркендеуге ұмтылысының айқын көрінісі іспеттес көк байрағымыз әрдайым ашық аспан астында желбіресін!

Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

## ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Рим Папасы XIV Леоға құттықтау жеделхатын жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Рим Папасы XIV Леоны Понтифик болғанына бір жыл толуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы хатта Понтификтің бейбітшілік идеясы мен диалогты ілгерілету жөніндегі дәйекті уағыз адами кадр-қасиетті дәріптеп, халықтар мен конфессиялар арасындағы өзара түсіністікті нығайтудың сенімді тірегі екенін атап өткен.

Президент Қазақстан мен Киелі Тақ арасында ұзақ жылдан бері келе жатқан достық пен тығыз ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын және байланыстарды одан әрі тереңдету ниетін жеткізді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Католик шіркеуінің басшысын Астанаға шақыратынын тағы да растады.

– Сіздің сапарыңыз серіктестігімізге жаңа мазмұн дарытып, аймақтағы елеулі уақиғаға айналатынына сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Папа XIV Леоға ізгі мұратын іске асыру жолында зор денсаулық және қажымас қайрат тіледі.

## АҚОРДА

# ЕКІ ЕЛ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Мәскеу қаласына жұмыс сапарымен барды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған салтанатты іс-шараларға қатысады.



Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен кездесу өткізді.

Мемлекеттер басшылары екі-жақты күн тәртібінің кең көлемді мәселелерін талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президентінің Қазақстанға жасайтын сапарының мазмұнына айрықша мән берді.

Қазақстан Президенті дәстүрлі қонақжайлық танытқан Владимир Путинге алғыс айтып, Ресей халқының Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен құттықтады.

– Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында Сізбен Мәскеуде жүздескеніме қуаныштымын. Бұл – «көзіміз жасқа толып» қарсы алатын мереке. Өйткені адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыста опат болған батырларымыздың рухына тағзым етеміз. Кеңес өкіметі Ұлы

Отан соғысында фашизмді жеңіп, Екінші дүниежүзілік соғыстан алпауыт ел болып шықты. Біріккен Ұлттар ұйымын құрушылардың біріне айналды. Біз мұны ешқашан ұмытпаймыз. Ардагерлерімізді ардақ тұтамыз. Қазақстанда соғысқа қатысқан көзі тірі 57 майдангер қалды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент екі елдің сан қырлы ықпалдастығы жыл өткен сайын артып, барлық бағыт бойынша қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Елдеріміз арасындағы ынтымақтастыққа келер болсақ, Сіздің мамыр айының соңына жоспарланған мемлекеттік сапарыңызға қызу дайындалып жатырмыз. Соңғы бес жылдың қорытындысы бойынша, Ресей – қазақ экономикасының ең басты инвесторларының бірі. Сауда-саттық та табысты

дамып келеді. Алдын ала болжамға сәйкес, биыл тауар айналымы 30 миллиард доллар межесінен асып түседі. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Екі елдің білім беру саласындағы гуманитарлық байланыстарына айрықша тоқталсақ, «Сириус» мектептері Астана, Алматы және басқа да қалаларда ашылып, жұмыс істей бастады. Туризм де өте маңызды бағыт. Былтыр Қазақстанға саяхаттап келген туристердің саны жағынан Ресей бірінші орынға шықты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алдағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті саммиті табысты өтетініне сенім білдірді. Сондай-ақ Ресей Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары саяси және тарихи тұрғыдан маңызды уақиға болатынына назар аударды.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевтың екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты дамытуға елеулі үлес қосып отырғанын жеткізді.

– Шын мәнінде, бұл қос халық пен біз үшін ең басты мереке деуге болады. Сіздің Мәскеуге келуге уақыт тауып, осы күндері бізбен бірге болғаныңыз Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың қандай деңгейде екенін нақты көрсетеді. Мұның барлығы, көп жағдайда Сіздің мемлекетаралық байланыстардың дамуына қосқан үлесіңіздің арқасында жүзеге асып жатыр, – деді Ресей Президенті.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық мәселелер жөнінде пікір алмасты.

## ПРЕЗИДЕНТ QAZAQSTAN BARYSY GRAND SLAM ТУРНИРИН ТАМАШАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге сайысты Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) президенті Мариус Визер тамашалады.

Жарысқа әлемнің 36 елінен 300-ге жуық үздік спортшы қатысып жатыр. Олардың арасында дүниежүзінің үздік палуандары – Олимпиада ойындарының, әлем чемпионатының және құрлық біріншіліктерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

Еліміздің абыройын 53 спортшы қорғайды.



9 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

# ПАРЛАМЕНТ МАҢЫЗДЫ ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН МАҚҰЛДАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар Президент туралы, Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі конституциялық заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Бірлескен отырысқа Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев та қатысты.

Парламент «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Құжатты Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев таныстырды.

Заң жобасы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әзірленді. Құжат Президент пен Вице-президенттің құқықтық мәртебесін және Мемлекет басшысының өкілеттіктерін айқындайды.

— Конституцияда Президенттің мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жоғары лауазымды тұлға ретіндегі рөлі, сондай-ақ билік органдарының Қазақстанның біртұтас халқы алдындағы жауапкершілігі айқындалған. Осылайша, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасы мемлекеттік биліктің жаңа конституциялық архитектурасын дәйекті түрде іске асырады», — деді Әділет министрі.

Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжанов қосымша баяндамасында Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының символы әрі кепілі болып қала беретінін атап өтті.

Өз кезегінде, Вице-президенті Құрылтайдың келісімімен Президент қызметке тағайындайды. Ол Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасау кезінде оның атынан өкілдік етеді.

Заң жобасына сәйкес Президент Бас Прокурорды, Конституциялық Соттың, Ұлттық қауіп-



сіздік комитетінің, Жоғары аудиторлық палатаның, Орталық сайлау комиссиясының, Ұлттық Банктің төрағаларын, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді және Мемлекеттік күзет қызметінің бастығын жеке өзі тағайындайды. Президент Құрылтаймен келісу бойынша Вице-президентті, Премьер-министрді, Конституциялық соттың 10 судьясын, Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесін, сондай-ақ Жоғарғы Соттың судьяларын тағайындайды және сайлайды.

Жанарбек Әшімжановтың айтуынша, Конституциялық заңмен бекітілген барлық мемлекеттік билік субъектілері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату және тежеулер мен тепе-теңдіктер жүйесін бір мезгілде нығайту функциялардың қайталануын болғызбауға және мемлекеттік басқарудың жеделдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сенатор Андрей Лукин өз баяндамасында бұл құжат тікелей басқару моделінен стратегиялық үйлестіру жүйесіне көшуді бекітетінін атап өтті. Оның айтуынша, заң билік тармақтарының теңгерімін және олардың халық алдындағы есептілігін қамтамасыз етеді. Құжат мемлекеттік аппараттың тұрақтылығын күшейтетін әрі елді жан-жақты жаңғыртуға арналған сенімді құқықтық негіз қалыптастыратын саяси тежемелік және тепе-теңдік жүйесін енгізеді. Бұл қадам Мемлекет басшысының азаматтар мүддесі жолында мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз ететін кепіл ретіндегі рөлін заң жүзінде бекітеді.

Заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясы құрамына Мәжілістен депутаттар Жанарбек Әшімжанов, Серік Ерубай, Павел Казанцев және Үнзила Шапақ, Сенаттан Бибігүл Жексенбай, Сергей Карплюк, Марат Кожаев және Андрей Лукин енді. Комиссия төрағасы болып Үнзила Шапақ сайланды.

Сонымен қатар Конституция нормаларын іске асыру аясында депутаттар бастамашы болған «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Құжаттың негізгі ережелерін әріптестеріне Мәжілісте Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Айдос Сарым таныстырды.

— Заң жобасының басты мақсаты — бір палаталы Құрылтайдың конституциялық-құқықтық негіздерін бекіту. Тарих қойнауына үнілетін болсақ, бағзы замандардан бері Құрылтай халық билігінің бастауы және бұқара елдің, қарапайым адамдардың мемлекеттік шешімдер қабылдауға тікелей қатысуына мүмкіндік беретін келелі де киелі жиын болды. Қазіргі Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде жана мән-мағынаға ие болып, қоғамдық биліктің конституциялық жүйесіне кіретін қазіргі заманғы өкілді институтқа айналып отыр, — деді депутат.

Конституциялық заң жобасында Құрылтайдың мемлекеттік билік жүйесіндегі орны, қызмет қағидаттары, құрылымы, құрылу тәртібі және өкілеттіктерін жүзеге асыру нысандары айқындалды. Сонымен қатар заң шығару бастамасы құқығына ие субъектілер қатары кеңейтіліп, оған Қазақстан Халық Кеңесі енгізілді, бұл құқық Құрылтайға тиісті шешім енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Құжатта Құрылтайдың Үкіметпен өзара іс-әрекет тәртібі, депутаттардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, оның ішінде депутаттық бірлестіктерді, парламенттік көпшілік пен оппозицияны құру қызметі, сондай-ақ депутаттық әдеп қағидалары бекітілді. Заң жобасына сәйкес, Құрылтайдың құрамы 145 депутаттан тұрады, пропорционалдық жүйе бойынша сайланады және олардың өкілдік мерзімі — 5 жыл болады.

Заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен

комиссиясының құрамына Мәжілістен депутаттар Қайрат Балабиев, Ермұрат Бапи, Марат Башимов және Сергей Пономарев, Сенаттан Айнұр Арғынбекова, Нұрлан Бекназаров, Серік Өтешов және Ғалиасқар Сарыбаев кірді. Комиссия төрағасы болып Марат Башимов сайланды.

Заң жобасы депутаттардың мәртебесіне, өкілеттіктеріне, кепілдіктері мен қоғам алдындағы жауапкершілігіне қатысты мәселелерді жүйелі түрде реттейді.

«Жобада Құрылтайдың құзыреті нақты белгіленген. Атап айтқанда, заң шығару қызметін жүзеге асыру, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту, сондай-ақ атқарушы билікке бақылау жүргізудің өзге де тетіктері қарастырылған. Заң жобасы бірнеше аспектіні қамтиды. Олар жаңа бір палаталы заң шығарушы органның толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етуге; заң шығару процесінің жеделдігі мен тиімділігін арттыруға; мемлекеттік институттарға деген азаматтардың сенімін нығайтуға құқықтық негізді қалыптастырады», — деді сенатор Ғалиасқар Сарыбаев.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы бірінші оқылымнан өтті. Құжатты депутаттарға Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин таныстырды. Оның айтуынша, заң жобасы өткен сайлау науқандары барысында анықталған мәселелерді шешу, сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру үшін әзірленген.

— Құжатта өкім лауазымына кандидаттардың жинаған дауыстары тең болған жағдайда аумақтық сайлау комиссиясы бір айдың ішінде қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар кандидаттарды ұсыну процесі ретке келтірілді. Мәселен, бір тұлға бір мезгілде мәслихат депутаттығына және әкімдікке кандидат бола алмайды, сондай-

ақ бірнеше сайлау округі бойынша да әкімдікке кандидат болуға тыйым салынады, — деді Серік Жұманғарин.

Ақпараттық алаңдардағы сайлауалды үгіт мәселелеріне де ерекше назар аударылды. «Онлайн-платформаларды» пайдалану кезінде кандидаттарға үгіт материалдарын орналастыру үшін тең жағдайлар қамтамасыз етіледі. Егер үміткер белгілі бір саяси партиядан ұсынылса, ол сол партияның ресми интернет-ресурстарын және әлеуметтік желідегі аккаунттарын қосымша келісімшартсыз пайдалана алады. Яғни, кандидат партиялық платформаларда үгіт-насихат материалдарын жариялай алады.

Сонымен қатар заң жобасында кандидаттар мен саяси партияларға сайлау қорларынан тыс қаражат тартуға тыйым салынып, сенім білдірілген тұлғалар институтына қатысты мәселелер реттелді, кандидаттарды қолдау үшін қол жинау тәртібі нақтыланды. Бұдан бөлек, сайлау комиссиялары мүшелеріне қойылатын талаптар күшейтіліп, олардың өкілеттіктерін уақытша тоқтата тұру тәртібі, жаңадан құрылған немесе қайта ұйымдастырылған әкімшілік-аумақтық бірліктердегі өкілеттік мерзімі айқындалды.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева қосымша баяндама барысында жұмыс тобына депутаттардан сайлау өткізу кезіндегі рәсімдік мәселелерді нақтылауға және сайлау жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар түзету келіп түскенін айтты. Олар сайлау комиссияларының жұмысына, заң талаптарының бұзылуына жол бермеуге, сайлауалды үгіт жүргізу тәртібі мен орындарын нақтылауға, сондай-ақ сайлау кезінде азаматтардың жеке деректерін қорғауға және сайлаушылардың өздері туралы мәліметтермен танысу тәртібіне қатысты болды.

Түзетулердің тағы бір блогы конституциялық нормаларды іске асыруды көздейді. Олардың қатарында бір палаталы Парламент — Құрылтайдың құрылуы, пропорционалды жүйеге көшуге байланысты сайлау заңнамасын жетілдіру, жекелеген лауазымды тұлғаларды тағайындау және қызметінен босату мәселелері бойынша Президент пен Құрылтай арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу, сондай-ақ жалпыхалықтық референдум өткізуге және басқа да жайттарға қатысты мәселелер бар.

Заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Мәжіліс депутаттары Марат Башимов, Снежанна Имашева және Үнзила Шапақ, Сенаттан Сүйіндік Алдашев, Нұрлан Бекназаров, Мұрат Қадырбек және Советбек Медебаев кірді. Комиссия төрағасы болып Нұрлан Бекназаров сайланды.



## ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ НАРЫҒЫ РЕТТЕЛЕТІН БОЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Алдағы сәрсенбіде Мәжіліс Телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері жөніндегі заң жобаларын бірінші оқылымда қарайды. Үкіметтік түзетулер байланыс инфрақұрылымын дамытуға, перспективалы технологияларды тарту үшін қолайлы жағдай жасауға және қызметтердің халыққа қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Өзгерістер «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Байланыс туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Пошта туралы», сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарға қатысты болады.

Күн тәртібінің жобасына депутаттар бастамашы болған бірінші оқылымдағы «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» жаңа заң жобасы мен оның ілесіп түзетулері енгізілді. Бұл құжат осы саладағы мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін анықтауға, халықтың өмірі мен

денсаулығын сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған. Заң жобасында шығу көзі, белсенділік деңгейі және жартылай ыдырау кезеңіндегі қалдықтардың жіктелуі енгізіліп, осы саладағы жұмыс тәртібі реттеледі. Бұған қоса, жеке және заңды тұлғалар тиісті лицензияларға ие болуға, қалдықтарды қатаң есепке алуға, объектілердің радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті болады. Көму пункттерін пайдалануға және жабуға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, көму көлемін болжауға, жеке және заңды тұлғалардан қалдықтарды ақылы негізде қабылдауға уәкілетті Ұлттық оператор жауапты болады.

Екінші оқылымда депутаттарға атқарушылық іс жүргізу саласындағы, сондай-ақ педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері жөніндегі заңнамалық өзгерістерді қарау ұсынылады.

## ДЕНСАУЛЫҚ ТА ЦИФРЛАНАДЫ

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өткен кеңесте Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру барысы жөніндегі Денсаулық сақтау министрлігінің есептері тыңдалды.



Ең алдымен, Аида Балаеваға денсаулық сақтау жүйесін цифрлық трансформациялау жұмыстары туралы баяндалды. Денсаулық сақтау вице-министрі Ербол Оспанов е-Densauluq бірыңғай архитектурасы аясында мемлекеттік ақпараттық жүйелерді кезең-кезеңімен біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Осылайша, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелер 7 негізгі цифрлық компонентке біріктірілуде. Жүйелерді кезең-кезеңімен іске қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жыл соңына дейін Бірыңғай денсаулық сақтау порталын және Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені іске қосу жоспарланған.

Жалпы, Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені іске асыру процестердің ашықтығын қамтамасыз етіп, медицина қызметкерлеріне түсетін әкімшілік жүктемені азайтуға және саланы басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кеңес қорытындысы бойынша Аида Балаева денсаулық сақтау саласының цифрлық инфрақұрылымын дамыту жұмысын жалғастыруды, Ұлттық жоба аясындағы іс-шаралардың уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ бұл бағыттағы жұмысты облыс әкімдерінің орынбасарлары денгейінде жеке бақылауға алуды тапсырды.

## ЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ МІНДЕТ

Елімізде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне және тыл еңбеккерлеріне әрдайым айрықша құрмет көрсетіледі. Бұл – бұлжымас парыз, айнымас міндет. Мәселен, Жеңіс күні қарсаңында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрғасым Әжітаевтың шаңырағына барып, ризашылығын білдірді.

Бүгінде Нұрғасым Әжітаев – 101 жасты алқымдап отырған ардақты ардагер. Ол 1925 жылы 1 қаңтарда бұрынғы Семей облысы Абыралы ауданы Сарықамыс топырағында дүниеге келді. Әр жылдары Құлжабасы елді мекенінде, Семей қаласында өмір сүрді. 1943 жылы 15 қаңтарда әскер қатарына шақырылып, сол жылы Новосібір қаласындағы мергендер мектебін тәмамдады.

Майдан жылдары Нұрғасым Әжітаев Курск доғасындағы шайқастарға қатысты. Авиациялық бөлімдерде атқыш қызметін атқарды. Берлинді алу кезіндегі ұрыс шебінен табылды. 1945 жылғы 9 тамыз бен 3 қыркүйек аралығында 293-атқыштар дивизиясының құрамында Жапонияға



қарсы соғысты. Әскери атағы – рота старшинасы.

Етігімен қан кешкен есіл ердің ерлігі елеусіз қалған жоқ. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жапонияны жеңгені үшін», «Маршал Г.К.Жуков» медальдарымен және өзге де марапаттармен наградталды. Бүгінде ғасыр жасаған ардагер 7 баласының, 10 немересі және 10 шөбересінің мейіріміне бөленіп, қызығына келіп отыр.

– Бейбіт күн – ең қымбат қазына. Ашық аспаннан артық байлық бар ма? Жас ұрпақ біз бастан өткерген қиыншылықты көрмесе екен деймін. Әр күн сайын елімізге тыныштық, жұртымызға амандық тілеп отырамын. Шекарамыз бүтін болсын. Азаматтар арасында әрдайым татулық пен ауызбіршілік берік орнап, мемлекетіміз өркендей берсін, – деді ардагер.

Осы орайда «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек елі-

мізде Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне айрықша құрмет көрсетілетін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Айбынды аға буынымыз майдан даласында қайсарлық пен жанқиярлықтың жарқын үлгісін көрсетті. Өткенге құрмет – ұрпаққа міндет. Ел азаматтары батыр бабаларымыздың ерен ерлігін ешқашан ұмытпайды. Сондықтан «AMANAT» партиясы ардагерлердің атқарған ісін, өнегелі өмірін алдағы уақытта да ұлықтай беруге мүдделі, – деді Дәулет Кәрібек.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында жыл сайын елімізде қарияларға түрлі қолдау шарасы көрсетіледі. Сондай-ақ партияның республикалық QAISAR әскери-патриоттық жобасы да ел аумағында жүйелі жүзеге асырылуда. Биыл осы жоба аясында еліміздің 20 өңірінде 5 мыңнан астам жас азаматтың қатысуымен ауқымды іс-шара өткізілді. Бұған қоса, партияның аймақтық филиалдары үш жылдан бері «Сарбаз болғым келеді» ауқымды акциясын ұйымдастырып келеді. Оған ел аумағында 600 мыңнан астам мектеп оқушысы қатысып, алғашқы әскери дайындықпен танысты.



## ОТАНШЫЛДЫҚ пен БАУЫРМАЛДЫҚ МЕКТЕБІ

Отан қорғаушы күні мерекесіне орай «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты республикалық QAISAR әскери-патриоттық жобасы аясында еліміздің 20 өңірінде 5 мыңнан астам жас азаматтың қатысуымен ауқымды іс-шара өтті. Жоба шеңберінде BIR TOLQYN-DA диалог алаңы, өрт сөндіру және әскери бөлімдерге экскурсиялар және патриоттық ойындар мен түрлі акция ұйымдастырылуда.

2022 жылы «AMANAT» партиясының кезектен тыс XXII Съезінде «Жастар Рухы» жастар қанаты QAISAR әскери-патриоттық ойындарын тұрақты түрде өткізу жөнінде бастама көтерген еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бастамаға қолдау білдірді. Аталған жобаға төрт жылда 7 мыңға жуық оқушы қатысты. Сондай-ақ үш жылдан бері «AMANAT» партиясының аймақтық филиалдары «Сарбаз болғым келеді» ауқымды акциясын өткізіп келеді. Оған елауағында 600 мыңнан астам мектеп оқушысы қатысып, алғашқы әскери дайындықпен танысты.

Мәселен, Астанада Қорғаныс министрлігінің «68665» әскери бөлімінде 100-ден астам жас өрен бас қосқан әскери-патриоттық экскурсия ұйымдастырылды. Онда «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек QAISAR әскери-патриоттық экскурсиясы танымдық іс-шара ғана емес, рухтың, тәртіптің, ұлтқа қызмет етудің жарқын мысалы екенін айрықша атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған «Заң мен Тәртіп» қағидатын ерекше атап өту қажет. Бұл — қоғамда әділдік пен жауапкершілік мәдениетін орнықтыруға бағытталған аса маңызды бастама. Әсіресе жастардың бойындағы құқықтық сауаттылықты арттырып, заңға құрметпен қарауға, қоғамдық тәртіпті сақтап, ел болашағы жайлы берік көзқарас қалыптастыруға үйретеді. Бүгінгі жас бейлі кез келген заңсыздыққа — мейлі ол вандализм болсын, зиянды әдеттер немесе құқықбұзушылықтың өзге түрлері болсын, қарсы тұруы қажет. Өйткені заң мен тәртіп —

қауіпсіз қоғамның, тұрақты дамудың және жарқын болашақтың кепілі, — деді ол.

Іс-шара барысында қатысушылар арнайы жасақтың жекпе-жек өнерін, «Геотактика» таныстырылымын тамашалады. Бұған қоса, BIR TOLQYN-DA диалог алаңы ұйымдастырылды. Онда әскери сарапшылармен Отанға деген адалдық, ел мен жерге деген сүйіспеншілік, азаматтық парыз тақырыптарында әсерлі әңгіме өрбіді. Жас өрендер толғандырған сұрағын қойып, тұшымды жауап алды. Сондай-ақ осы әскери бөлім аумағында экскурсия өткізіліп, жастар қауымы сарбаздардың бір күндік өмірі қалай өтетінін көрді.

QAISAR әскери-патриоттық жобасына алғаш рет қатысып отырмын. Бұған дейін әскери өмір туралы тек көркем фильмдер мен әлеуметтік желілерден ғана білетін едім. Ал бүгін осы әскери бөлімге келіп, казармаларды аралап, сарбаздардың асханасынан дәм татып, жауынгерлердің қару-жарағымен, арнайы техникаларымен, жалпы Отан қорғаушылардың тыныс-тіршілігімен таныстым. Әскери өмірге деген шынайы қызығушылығым пайда болды. Болашақта еліме деген сүйіспеншілігімді іспен дәлелдеп, әскер қатарынан табыламын деген ойдамын, — деді әскери-патриоттық экскурсияға қатысқан колледж студенті Мұхаммед Шакарбеков.

QAISAR әскери-патриоттық жобасы — рух пен намыстың, сабыр мен тәртіптің, отаншылдық пен бауырмалдықтың мектебі. Сондықтан бұл жоба алдағы уақытта да лайықты жалғасын табады.



## TURGYNDAR AMANATY: КЕШЕНДІ ТӘСІЛ – ОРНЫҚТЫ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



Талдықорған қаласындағы «Салтанат сарайында» TURGYNDAR AMANATY партиялық жобасы аясында «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбында өңірлік форум өтті. Іс-шара барысында қатысушылар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзекті мәселелерді, инфрақұрылымды жаңғырту, басқару органдары қызметінің ашықтығын арттыру және халықпен кері байланысты күшейту жолдарын талқылады. Форум билік өкілдері, сарапшылар, мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) мен пәтер иелері кооперативтері (ПИК) басшылары арасында тиімді диалог алаңына айналды.

Алқалы жиынға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова, Парламент Мәжілісінің депутаты Болат Керімбек, облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов, сондай-ақ салалық басқарма басшылары мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары қатысты.

Форумды тізгендеген «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын аталған жобаның тұрғын үй саласындағы мәселелерді жүйелі шешудегі маңызын атап өтті.

Отырысты ашқан өңір басшысы кейінгі үш жылда өңірде су, жылу және электр желілерінің 1 мың шақырымнан астам жаңғыртылғанын айтты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша, 329 елді мекен орталықтан-дырылған сумен қамтамасыз етіліп, көрсеткіш 99,9%-ға жеткен. Сонымен қатар халықтың 67%-ы табиғи газға қосылған, бұл азаматтардың тұрмыс жағдайын едәуір жақсартты.

«AMANAT» партиясының TURGYNDAR AMANATY жобасы бұл жұмысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Біздің міндетіміз — әрбір тұрғын үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін алдағы уақытта да бірлігімізді сақтай отырып, жүйелі жұмыс жүргізетін боламыз. Ең бастысы — халықтың әлауқатын арттыру және өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, — деді Бейбіт Исабаев.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова жоба МИБ және ПИК төрағаларын оқыту, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын енгізу және цифрлық сервистерді дамыту арқылы тұрғындардың тұрмысын жақсартуға бағытталғанын атап өтті.

Абаттандыру, тарифтер, жарықтандыру және қауіпсіздік

мәселелері — әрбір қала тұрғынының өмір сапасына тікелей әсер ететін негізгі фактор. Сондықтан партия бастамасымен көппәтерлі тұрғын үйлердің өзекті мәселесін жүйелі шешуге бағытталған TURGYNDAR AMANATY жобасы іске қосылды. Біз тұрғындармен күнделікті



тікелей байланыста болып, олардың нақты сұраныстарын білетін МИБ және ПИК төрағаларының қолдауына үлкен үміт артамыз. Сіздердің тәжірибелеріңіз бен кері байланыстарыңыз халық пен билік арасындағы тиімді диалогты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, — деді Шолпан Каринова.

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов өңірдегі тұрғын үй қорының жағдайына тоқталып, бүгінде облыста 1 715 көпқабатты тұрғын үй бар екенін жеткізді. Оның 627-сі заманауи басқару нысандарына өткен. Үш жылда 284 тұрғын үй жаңартылып, 289 аула абаттандырылып, 30 лифт ауыстырылған. Газдандыру мәселесіне ерекше назар аударылып отыр: қазіргі уақытта 600 көпқабатты үй табиғи газға қосылған.

TURGYNDAR AMANATY жобасы тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық жүйесін дамытудың жаңа бағытын айқындайды. Мұнда әрбір үй — ең алдымен, меншік иелерінің жауапкершілік аймағы. Біз ашық әрі есеп беретін басқару моделіне көшіп жатырмыз. Оның нәтижесі адамдардың тұрмыс жағдайы мен әр ауладағы нақты өзгерістер арқылы өлшенеді. Өңірде бұл өзгерістерге берік негіз қаланды, ендігі міндет — олардың жүйелі әрі тұрақты жүзеге асуын қамтамасыз ету. Жобаның басты нәтижесі — барлық азамат үшін қолайлы орта қалыптастыру, — деді Әсет Қанағатов.

Форум барысында Мәжіліс депутаты Болат Керімбек те сөз сөйлеп, жобаның басты міндеті тұрғын үй қорын басқаруда тәртіп орнату және коммуналдық мәселелерді шешу ісіне азаматтардың қатысуын арттыру екенін атап өтті.

TURGYNDAR AMANATY жобасының мақсаты — көппәтерлі тұрғын үйлердегі жылдар бойы қордаланған мәселелерді шешу, әсіресе ПИК пен МИБ жұмысына қатысты түйткілдерді реттеу. Біз «бір үй — бір бірлестік — бір есепшот» қағидатын енгіздік. Бұл тұрғындардың қаражаты тек өз үйінің қажеттілігіне жұмсалыуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ төрағаны сайлау құқығы тұрғындардың өздеріне беріліп, оның өкілеттік мерзімі үш жылға дейін ұзар-

тылды. Енді екі есепшот ашылады: ағымдағы жөндеу жұмыстарына арналған және шатырды немесе қасбетті жөндеу сияқты ірі жұмыстарға арналған жинақ. Бұл әрбір тұрғынның өз мүлкін басқаруға тікелей қатысып, қаржының қайда жұмсалып жатқанын бақылауына мүмкіндік береді, — деді Болат Керімбек.

Форумның екінші бөлімі оқыту семинарына арналды, онда қатысушылар тұрғын үй қорын басқарудың практикалық дағдыларын меңгеріп, өзекті мәселелерді шешу жолын ашық диалог форматында талқылады.

Іс-шара соңында МИБ және ПИК белсенді төрағалары облыс әкімінің алғысхаттарымен марапатталды. Сонымен қатар бірқатар ПИК төрағасы «AMANAT» партиясының қатарына қосылу туралы шешім қабылдады. Жаңа мүшелерге салтанатты түрде партиялық билет табысталды.

# РУХ пен РЕФОРМА ҰШТАСҚАНДА

Отан қорғаушы күні – ел тыныштығы мен мемлекеттің шебін күзеткен ерлердің, тәуелсіздіктің мызғымас тірегі, бейбітшіліктің бұлжымас қорғанына айналған әскеріміздің айбыны мен рухы асқақтайтын айрықша мереке. Бүгінде сап түзеген сарбаздардың абыройын асырып, темірдей тәртіпке бағынған әскери қызметтің мәртебе-беделін көтеру, жауынгерлік қабілетін арттырып, жүйені жаңғырту үшін жаңа бастамалар мен кешенді шаралар қабылданып жатыр. Ал әскерден оралған азаматтарға қандай әлеуметтік қолдау көрсетіледі? Цифрландыру жылында саланы заман талабына сай икемдеу үшін не істелмек?

**А** Айхан ШӘРІП

## АРМИЯНЫҢ ЖАҢА АНТРОПОЛОГИЯСЫ

Сарбаздың бейнесі – мемлекеттің беделі. Армия қатарындағы патриот азаматтың қоғамдағы орнын айқындайтын, әскери қызметтің мәртебесін биіктететін кешенді реформалар кезеңі басталды. Заманауи армия – тек күш құрылымы емес, тұлға қалыптастырушы мектеп. Тегеурінді қуат пен рухани кемелдік тоғысқан жерде нағыз отаншылдық рух тұмақ. Бүгінгі күннің сарбазы – кешегінің жауынгерінен ерек, болмысы бөлек. Ол тек темірдей тәртіп пен қатаң тайм-менеджментке бағынуды үйреніп қоймайды, сонымен бірге рухани мәдениеті толысқан, бейбіт өмірге қажетті кәсіптің қыр-сырын меңгерген бәсекеге қабілетті маманға айналады. Түрлі додада дараланып, жүзде алған дарын, үлгілі азамат болып оралады. Сондықтан қоғамда бұрыннан бар: «Бүгінгі солдат – ертеңгі күзетші» деген келемеж-өзіл өзектілігін жойып, орнын «Бүгінгі жауынгер – ертеңгі білікті тұлға» деген нық сенім басқандай.

Мысалы, биыл енгізілген «әрбір сарбаз Отан алдындағы борышын өтеу кезінде кемінде 5 кітап оқуға міндетті» деген талап – әскери ортадағы интеллектуалдық серпілістің айқын айғағы. Ұлттық әскери-патриоттық орталықтың әскери-ғылыми кітапханасының меңгерушісі Оксана Әлжанованың пайымдауынша, бұл бастама жеке құрамның ақыл-ой көкжиегін кеңейтіп, тұлға ретінде дамытып, сыни ойлау қабілетін ұштайды, берік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

– Қазақстанның Қарулы Күштерінде оқу мәдениетін қалыптастыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі. Бүгінде әскери бөлімдер мен мекемелерде 322 кітапхана жұмыс істейді. Олардың қорында 52 434 дана көркем әдебиет және 198 293 оқу ба-сылымы бар. Кітапханаларда отандық авторлардың, әскери жазушылар мен әскери ғалымдардың көптеген еңбегі сақталған. Бізде сирек кездесетін кітап өте көп. Жыл басынан әскери қызметшілерге 48 837 кітап берілді, – деді О.Әлжанова.

Ұлттық армиямыз тек қару ұстауды емес, өнер мен спорттың шыңына шығуды да насихаттайды, талант иелеріне төл асқар-шының бағындыруына дем береді. Мысалы, жуырда «Астана» өңірлік қолбасшылығы 31775 әскери бөлімінің рота старшинасы Тимур Ержанов 200 шақырымға жүгіріп, ультрамарафонда жеңіс тұғырына көтерілді және Қарулы Күштер рекордын орнатты: Қарағанды – Ұлытау облыстары арасындағы ультрамарафон қашықтығын 34 сағат 55 минутта өнерді.

Өткен аптада қазақстандық әскери қызметшілер қазақ күресі мен самбодан ТМД елдері чемпионатында бірден 10 алтын медаль алды. Сөйтіп, ұлттық және



әскери-қолданбалы спорт түрлеріндегі жоғары дайындық деңгейін дәлелдеді. Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстаннан 70-тен астам спортшы қатысқан жарыста ұлттық құрама жалпыкомандалық есепте бірінші орынды иеленді.

Қазақы күш-қайрат пен жасын-жігеріне аман емес, ұлттық өнері де әскерде енді оғей емес. Биылғы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні өзге этнос өкілдері арасында өткен «Алтын шаңырақ» республикалық ұлттаралық айтысында Қарулы Күштердің қызметшісі, ақын Эльдана Габерман қазақ тілінің құдіретін айқын көрсетіп, жүзде екінші орын алды. «Ұлым неміс болғанымен, жүрегім қазақ деп соғады. Мен үшін айтыс – жай ғана жарыс емес, қазақ халқына және тіліме деген құрметім, – деді ұлттық өнерді ұлықтап, Ұлы дала рухын бойына сіңірген өнер иесі.

## ӘСКЕР – ӘЛЕУМЕТТІК ЛИФТ

Қазіргі қазақстандық армия үлкен өндірістік-техникалық оқу полигоны іспетті. Онда жастар бұрын айтылатындай, «бір жылын босқа өткізбей», жаңа мамандық игеріп шығады. Қорғаныс министрлігінің хабарлауынша, мысалы, сәуір айында Гвардейск гарнизонындағы Құрлық әскерлерінің оқу-жаттығу орталығында 600 сарбаз экономиканың нақты секторында талап етілетін мамандықты игеруін аяқтады. Оларға сертификат тапсырылды: бұл құжаттың мәртебесі дипломмен тең!

Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Орал, Қостанай және Өскемен қалаларынан әскерге алынған жас жауынгерлер 5 айдың ішінде танктің, жаяу әскердің жауынгерлік машинасының, КамАЗ-43114, «Орал-4320», өзге көліктің механик-жүргізушісі, жөндеушісі, аспаз және басқа мамандықты меңгеріпті. Олар С және С1 санатындағы жүргізуші куәлігін қоса алды. Мерзімді әскери қызметін аяқтаған соң көлік, логистика және жүк тасымалдау саласында жұмысқа тұра алады. Түлектердің бірі алысқа, Еуропаға жүк таситын жүргізуші болғысы келетінін жеткізді.

– Шымкенттенмін. Жүк автокөлігінің жүргізушісі курсым оқып, куәлігін алдым. Қазақстан транзиттік мемлекет ретінде дамып келеді. Президент елді хаб ретінде дамытатынын айтты. Бұл біз сияқты жастарға жоғары табысқа, бизнеске, жарқын болашаққа жол ашады, – дейді қатардағы жауынгер Тахир Әбдіразақов. Жалпы, Құрлық әскерлерінің оқу-жаттығу орталығы жыл сайын 1200 маман даярлап шығарады екен.

Ефрейтор Комрон Тулабоев – ақпараттық технологиялардың білікті маманы болып қана қоймай, әскерде жүріп, төл стартаптарын бастаған көрінеді. Өз бастамасымен ол бірқатар цифрлық жоба әзірлеп,

енгізді. Атап айтқанда, ақпараттық қауіпсіздікті мониторингтеу жүйесін, әскери қызметшілердің өзара байланысына арналған онлайн-платформаны және деректерді цифрландыру құралдарын іске қосты. Бұл шешімдер жұмыс үдерісін жеңілдетіп, шешім қабылдау жылдамдығын арттырған.

Алматыда да екі аптадай бұрын Жөндеуші кіші мамандар даярлайтын оқу орталығының алғашқы түлектері оқуын аяқтады. Олар 4,5 ай ішінде тек армияда ғана емес, азаматтық экономика секторында да сұранысқа ие мамандықтарды меңгеріпті. Өткен жылы құрылған мекемеде оқыту 9 бағытта ұйымдастырылады. Мұнда зымыран-артиллериялық қару-жарақты, сауытты автокөлік техникасын, сондай-ақ металл, ағаш өңдеуші, дәнекерлеушілерді, мотористерді және аккумулятор электриктерін жөндеуші мамандарды даярлайды. Тіпті, Илон Масктың өзі болашақ дәл осындай «көк жағалы» мамандар қолында екенін мәлімдеген. АҚШ-та олар жоғары жалақылы мамандық иесі саналады. Оқу орталығының бастығы, подполковник Нұркен Орынбасаров жастар арасында ел қорғау ісіне деген қызығушылықтың артқанын жеткізді. Мәселен, орталық қабырғасынан түлеп ұшқандардың 30%-ы армиядағы бүгінгі қолайлы жағдайларға риза болып, қызметін әрі қарай келісімшарт бойынша жалғастыруға шешім қабылдапты.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ҚАРЫМЫ

Мемлекет әскерден оралғандардың әлеуметтік жағдайын да назардан тыс қалдырмайды. Солдаттар Қарулы Күштерде кәсіп игермегеннің өзінде бұл ниетін азаматтық өмірге оралған соң жүзеге асыра алады. 2026 жылы әскерден оралған 1 мыңнан аса қазақстандық грант иегері атанды: оларға 22 сәуірде ЖОО-да тегін оқуға сертификат табыс етілді.

Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары генерал-майор Асқар Мұстабековтің түсіндіруінше, жас ұрпақты Отан алдындағы борышын өтеуге ынталандыру мақсатында Қорғаныс министрлігінің бастамасымен 2023 жылы «Сарбаз 2.0 – Срочники 2.0» жобасы басталды. Ол кейін заң жүзінде бекітілді. Бұл жоба әскерде борышын өткерген азаматтарға ҰБТ тапсырмай-ақ, университеттерге түсуіне мүмкіндік береді. Жатақханадан орын ұсынылады. Медициналық, педагогикалық мамандықтарды таңдаса, ай сайын – 84 000 теңге, өзге мамандықтарды қаласа, 52 372 теңге стипендия төленеді. Әскерден қайтқандар арасынан мемлекеттік грантқа үміткерлерді іріктеу «Сарбаз 2.0» цифрлық жүйесі арқылы жүзеге асырылды. Мұның бәрі – Отанға адалдығы үшін лайықты құрмет.

2023–2025 жылдар аралығында жүйеде барлығы 180 мыңнан астам әскери қызметші тіркеліп, білім грантын алуға үміткер атанды. Оның ішінен жыл сайын екі мыңнан астамы іріктелді. «Сарбаз 2.0» жобасы әскери қызметшілерді қолдаудың тиімді құралына айналып, әскердегі қызмет жастарға білім беру, кәсіби өсу және сенімді болашақ үшін нақты мүмкіндіктер ашатынын дәлелдеп отыр.

## ЦИФРЛЫ ӘСКЕР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТӘРТІП

Мемлекет басшысы соңғы Жолдауында барлық саланы цифрландыруды жүктеген еді. Әскерге шақыру процесін цифрландыру мақсатында Қорғаныс министрлігі 2018 жылдан бері төл «Жұмылдыру ресурсының автоматтандырылған есепке алу интеграциялық шлюзі» ақпараттық жүйесін пайдаланып, әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери есепке алумен байланысты процесі цифрландырды.

Сонымен қатар ведомство әскери есепке алуға байланысты міндеттерді орындауға жеке және заңды тұлғалардың қатысуын барынша азайтуға бағытталған «Smart военкомат» жобасын қолға алды. Жоба шеңберінде келесі процестер цифрландырылыпты: біріншісі – ішкі көші-қон кезінде азаматтарды әскери есепке автоматты түрде қою. Тұрғылықты жерін ауыстырса, «Әскери есепке қою» мемқызметіне жүгіну қажеттілігі жойылды. 2025 жылы 350 мыңнан астам адам қайта есепке алынды.

Екіншіден, әскер қарсаңындағы 17 жастағы жасөспірімдерді автоматты түрде тіркеу жолға қойылған. Бұрын осы процесс олардың жеке қатысуын талап ететін. Ол үшін бүкіл елде жастарды жаппай жинап, медициналық куәландыру үшін аудан орталығына жеткізуші еді. Жыл сайын осы іс-шараға бюджеттен шамамен 1 млрд теңге жұмсалыпты.

Мұның сыртында мерзімді әскери қызметке шақыруды автоматты түрде кейінге қалдыру және одан босату саласы цифрландырылды. Нәтижесінде, оқушы жастар; үйленген, балалары бар; мүгедектігі бар адамдар; ауылдық жерде жұмыс істейтін педагогтар әскерге шақыруды кейінге қалдыру үшін әскерге шақыру комиссиясының отырысына шақырылмайды. Ол адамның мәртебесі өзгеріп, кейінге қалдыру негізі жоғалса, оны шақыру автоматты түрде жүзеге асырылады.

Әскерге шақырылушыны медкөзлаңдыруды автоматтандырып «Е-медосмотр» ақпараттық жүйесі енгізіліп жатыр. Бүгінде оны Астана және Шымкенттің, БҚО, Жетісу, Алматы облыстарының медкомиссиялары пайдаланады. Бұл өзара іс-қимылды ұйымдастыруға және жазылған аурулар, жаракаттар туралы мәлімет алмасуға мүмкіндік береді. Ал Үкімет басшысы Олжас Бектенов депутаттарды сертанттар мен келісімшарт бойынша қызметшілерді оқытудың үлгілік бағдарламалары енгізіліп жатқаны жөнінде құлағдар етті.

– 2028 жылға дейінгі «Әскердегі заң мен тәртіп» ведомствоаралық бағдарламасы шеңберінде Қорғаныс министрлігі Ғылым және жоғары білім министрлігімен, күштік органдармен бірлесіп, офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді белсенді оқытудың жаңа формаларының үлгілік бағдарламаларын әзірлеп жатыр. Оған дәріс-диалог, семинар, мастер-класс, тренинг, «іскерлік ойын», брейнсторминг кіреді. Бұл бағдарламалар қызметке әсер ететін факторлардың өзектілігіне байланысты өзгеріп отырады, – деді Премьер-министр.

Ол мерзімді әскери қызметтің тартымдылығын арттырып, оны өткеруге ынталандыру мәселесі уәкілетті мемлекеттік органдардың ұдайы бақылауында екенін хабарлады. Қорыта айтқанда, бүгінгі қазақ әскері тек қару-жарақ емес, білім мен біліктің, рух пен технологияның тоғысқан мекені. Отанды қорғау қасиетті борыш болса, сол борышты өтеу – болашаққа салынған ең сенімді инвестицияға айналмақ.

9 МАМЫР 2026 | СЕНБІ



# ҰМЫТЪ ІЛМАС

## Баубек бейнесі

түсінді. Оның әрбір макаласының әр жолынан өр мінезі сезіледі: ел үшін күресу — құр міндет емес, намыс екенін ұғындырды.

Баубек Бұлқышевтің шығармаларын оқығанда, оның ерекше романтик болғанын аңғарасын. Ол өмірді шексіз сүйді. Жастықты, махаббатты, туған жерді, азаттықты сүйді. Бірақ дәл сол өмір оған ұзақ ғұмыр сыйламады. Соғыс оны ерте жалмады. Жиырма сегіз жас... Кей адам бұл жаста өмірдің енді басталғанын сезінеді. Ал Баубек сол жасында тұтас бір елдің рухын көтеріп, отты сөздерін қаламына арқау етті.

Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың естелігінде: «Өзі пионер газетінде істеп жүріп, қолы сәл босады дегенде маған жетіп келетін. Тойған қозыдай толықша келген томпақ, ажарлы ақкөңіл баланы көргенде мейірім түсе қалатын. Сол кездің өзінде орыс әдебиетін көп оқып, ізденіп жүретінін байқайтын едім. Кейде Пушкин, Лермонтов өлеңдерін де көзін жұмып алып, жатқа оқитын еді», — дейді.

Әттен, талантты баланың тағдырын сұм соғыс шешіп кетті. Оның тағдырындағы аянышты тұс та осында. Әдебиетке енді ғана қанат қағып келе жатқан жас таланттың өмірі келте қиылды. Егер ол соғыстан аман келгенде, казак әдебиетінің алыптарының біріне айналар ма еді? Бұл — жауабы жоқ сұрақ. Бірақ бір нәрсе анық: жазушы қысқа ғұмырында ұзақ өмір сүрген секілді өшпейтін із қалдырды.



**Бұлқышев туралы айтқанда, біз тек жазушыны емес, тұтас дәуірдің символын еске аламыз. Оның бойында қазақ жасының өрлігі, намысы болды.**

### ЖАЗУШЫНЫҢ ЖҮРЕК СЫРЫ

Баубек Бұлқышев пен жазушы Мұқан Иманжановтың достығы ерекше болған. Майданда жүрген жауынгер көп хаттарын Мұқанға жазып тұрыпты. Баубек соғыста қаза тапқанда, Мұқан Иманжанов тебіреніп, «Қош бол, Шығыс ұлы!» атты әңгіме жазған.

Мұқанға жазған хаттары жазушы: «Мұқанжан, іш қазандай қайнайды, уақыт болса өтіп барады. Қол сермейтін кезең — дәл осы кез. Не керек, творчестволық жын булығып тұр. Тұншығып бой көтере алмай жатыр. Қайтерсің. Қайран жиырма бес осылай жын соғып селкілдеумен өтіп жатыр», — дейді.

Шығармашылық дерт жауынгердің өне-бойын тұмшалап, ала-сұртып тұр. Жазғысы келеді,

майдан даласы оған мүмкіндік бермейді. Сұм соғыста жүріп, жазушы отты, ызалы сөз төгуге мәжбүр болды. Қорқыныш бойын кеулеген жоқ, одан сайын ширьға түсті. Соғыс өрті шынықтыра түсті. 1942 жылы «Комсомольская правда» газеті «Өмір мен өлім туралы» атты жалынды әңгімесін басты. «Бұл әңгімеде қазақ жасының жүрек сыры, жан күйі тербелген еді».

Бұлқышев туралы айтқанда, біз тек жазушыны емес, тұтас дәуірдің символын еске аламыз. Оның бойында қазақ жасының өрлігі, намысы болды. Ол оқ пен оттың ортасында жүріп те рухани биігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан оның есімі уақыт өткен сайын асқақтай түседі.

Тарихшы Тілеу Көлбаев жауынгер жазушының соңғы сәттері туралы тебірене жазған екен. 1944 жылдың көктемінде Баубек қызмет еткен полк Ново-Юльевка селосын жаудан азат етеді. Бірақ фашистер берілгісі келмей, селоны қайтарып алу үшін қайта-қайта шабуылға шығады. Гвардияшылар төрт дүркін жасалған шабуылды тойтарып, жауды өткізбейді. Ақыры шегінуге мәжбүр болған жау артындағы жолдың бәрін миналап кетеді. Бұл кеңес әскерінің алға жылжуына үлкен кедергі келтіреді.

Сол сәтте аға лейтенант Баубек Бұлқышев бір топ жауынгерді ертіп, миналарды тазартуға кіріседі. Өліммен бетпе-бет келіп тұрса да, ержүрек ұл тайсалған жоқ. Жарты сағаттың ішінде олар

жауынгерлердің еңсесін түсірген жоқ, қайта қайратын жандырып, кеуделеріне намыс құйды.

Баубек Бұлқышев майданда жүріп те болашақ туралы көп ойланған екен. Оны жазушының мына жазбасынан аңғаруға болады. «Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаппын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсындар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласындар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік...»

Бұл — жай ғана сөз емес. Бұл — тұтас бір ұрпақтың аманаты. Соғысқа кеткен қазақ жастарының жүрек сөзі. Олар өз бақытын емес, келешектің тыныштығын ойлады. Өздерінің жастығын оққа байлап, кейінгі буын соғыс көрмесін деп жанын қиды. Баубек сол буынның символына айналды. Оның шығармаларында жалған ұран жоқ. Әдемі сөз үшін айтылған пафос та жоқ. Онда жүректен шыққан тыныштық бар. Сондықтан Бұлқышевтің мақалалары бүгін де ескірмейді. Өйткені адамзат үшін Отан, ерлік, ар, намыс деген ұғымдар ешқашан көнермейді.

Қазір біз бейбіт күнде өмір сүріп отырымыз. Танертен алаңсыз оянып, кешке тыныш ұйықтаймыз. Балалар күлкісі естілетін бейқам өмір кешіп жатырмыз. Бірақ сол тыныштықтың артында Баубек Бұлқышев секілді қаншама боздақтардың төгілген қаны, үзілген арманы жатқанын ұмытпауымыз керек.

Жауынгер жазушы қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр кешті. Бірақ ол артына ғасырлық мұра қалдырды. Кей адамдар ұзақ өмір сүріп, артында із қалдырмай кетеді. Ал кейбір адамдар аз ғана ғұмырында мәңгілікке айналады. Баубек Бұлқышев — сондай мәңгілік тұлғалардың бірі десек, қателеспейміз. Оның есімі уақыт өткен сайын биіктей береді, биіктей береді...

### ТАҚЫРЫПТЫҢ ТҮЙІНІ:

Оның есімі ұмытылмайды. Кезінде Қазақстан Журналистер одағы жас публицист журналистерге арнайы Баубек Бұлқышев атындағы сыйлық белгілеген еді.

Тәуелсіздік алғанға дейін осы сыйлық тұрақты түрде беріліп тұрды. Одақ жеке адамдардың қолына өткеннен кейін тоқтап қалды...

Бәлкім, еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігі «Дарын» сыйлығының журналистерге арналған номинациясын Баубек Бұлқышев атына белгілесе, олқылықтың орны толар ма еді?!

Әдебиетте құйрықты жұлдыздай жарқ етіп, жастай кеткен Баубек Бұлқышевтің қысқа ғұмыры әрі мұңды, әрі қызықты екені рас. Өкінішті болар себебі — жарқ етіп жанды да, ерте сөнді. Қызықты тұсы — дауылды өмірі, ерлік ісі еді. Биыл қазақ жұрты қысқа ғана ғұмырында қазақ халқына өшпес рухани із қалдырған ұланының 110 жылдығын атап өтіп жатыр.

### Айна ХАСАН

Иә, Баубек Бұлқышев қазақ әдебиетінде найзағайдай жарқ етіп өткен талантты жан еді. Оның қысқа ғұмырына тұтас бір дәуірдің қасіреті мен қайсарлығы сыйып тұр десек, артық емес. Ол небәрі жиырма сегіз жыл ғана өмір сүрсе де, артына отты сөз, өр рух, өлмес ерлік қалдырды. Бұлқышевтің өмірі — оқ пен оттың арасынан туған әдебиеттің тағдыры. Оның шығармаларынан жалынды жастықтың үні, қайраты, болмысы сезіледі.

### ҰЛЫТАУДЫҢ ӨРЕНІ

Ұлытаудың батыс бауырында дүниеге келген қарапайым қазақ баласының тағдыры аласапыран ғасырмен тұспа-тұс келді. Даланың самалын жұтып, кең сахараның төсінде өскен бала Баубектің көкірегінде ерте ояңған бір сезім болды. Ол — білімге, өнерге, үлкен өмірге деген құштарлық еді. 1935 жылы арман жетегінде Алматыға келген бозбаланың қалтада қаржысы, арқада сүйеніші болмағанымен, жүрегінде үміті болды. Институтқа түсуге білімі жетпеген соң, техникалық колледждің даярлық курсына оқуға түседі. Бірақ оның жаны техникадан гөрі әдебиетке жақын еді. Газет-жур-

налдарға мақалалар жазып, әдеби ортаға араласа бастайды.

Баубек жастайынан сөздің басалмағын түсінді. Оның бойында жалын бар еді. Сол жалын кейін майдан даласында лапылдап жанды. Соғыс басталғанда ол қолына қару алып қана қоймай, қаламын да тастамады. Кейбір адамдар оқпен ғана соғысса, Баубек сөзімен де, қарумен де шайқасты. Оның майданнан жазған мақалалары сол кездегі қазақ жастарының рухын көтерді. Әсіресе, «Майдандағы қазақ жасының дәптерінен» атты макаласы — тұтас бір ұрпақтың жанайқайындай әсер қалдырған шығарма. Бұл мақаласында жауынгер жазушы: «Менің үстімде қызыл әскер киімі, мен армияда жүрген Азия елдерінің ұлымын. Мен — шығыс адамымын, батысқа кетіп барам. Күн де мені қимағандай ұясына қона алмай тұр. Маған көзін тура қадап: «Шығыс ұлы, жолың болсын! Шығысқа жеңіспен қайт! Мен сені Алатаудың аясында қарсы аламын!» деген сөздері өзекті өртейді.

Бұл мақалаларында Баубек қорқынышты емес, рухты жазды. Ол соғыстың сұмдығын көрсете отырып, адамның жігерін жоғалтпау керекін айтты. Майдандағы ауыр күндердің өзінде ол адам бойындағы үміттің өлмеуі керекін

**Е**кінші дүниежүзілік соғыстың халқымызға салған салмағы мен зардабы – ұрпақтан-ұрпаққа жететін ауыр тарихи сабақ. Бұл нәубет тек майдан даласында ғана емес, ел ішінде, ауыл-ауылда, әр шаңырақта жүріп жатты. Қолына қару ұстамағанымен, иығына ауыр жүк артылған тылдағы жұрттың, әсіресе балалардың тағдыры – сол кезеңнің ең ащы шындығы.



# ЕРТЕ ЕСЕЙТКЕН БАЛАЛЫҚ

**А** Айгүл СЕЙІЛ

Соғыс басталғанда, ер-азаматтардың дені майданға аттанды. Елде қалған қарттар, әйелдер мен балалар тіршіліктің бар тауқыметін көтерді. Бесіктен белі шықпаған балалар ерте есейді. Олар ойын баласы болудың орнына күнкөрістің қамын ойлап, ауыр еңбекке жегілді. Аштық пен жоқшылықты үнсіз көтерді. Көбі үшін балалық шақ деген ұғым болмады десек, артық айтқандық емес. Жазушы Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» шы-

ғармасындағы кейіпкердің сөзі сол кезеңнің бейнесін дәл береді: «Қыркыншы жылдары бала болған жоқ... бәрі ерте есейді». Бұл сөзді тұтас ұрпақтың жанайқайы деп қабылдау керек.

Сол ұрпақтың бірі – тыл ардагері Құрманбек Шоқанбайұлы. Оның өмір жолы – мыңдаған тағдырдың бір үзгісі. Бірақ сол бір үзгінің өзінен-ақ тұтас дәуірдің

келбетін көруге болады. «Біз ересек адам сияқты жауапкершілік арқаладық», – дейді қария. Шынында да, он-он бір жастағы балаға өгіз жегіп, жүздеген шақырым жолға шығару бүгінгі көзбен қарағанда сенгісіз көрінеді. Алайда ол кезде тандау болған жоқ. Елге керек жүн-жұрқа, тері-терсек дер кезінде тапсырылуға тиіс. Олар жеңіске үлесін осылай қосты.

Өгіз жеккен арба, аптап ыстық, жауын-шашын, ұзақ жол. Мұның бәрі кішкентай бала үшін үлкен сынақ еді. Бірақ ең қиыны, жауапкершіліктің салмағы болатын. Арбадағы жүк бүлінбей жетуі керек. Сол сенімді ақтау үшін бала жүрегі қорқынышпен күресті, шаршаумен алысты. Иә, ауылдан қалаға дейінгі 120 шақырым жолды еңсеру ешқашан оңай болмады.

«Қазір көп нәрсені еске түсіре алмаймын. Қанша заман өтіп кетті ғой. Бірақ өгіз жеккен арбада кетіп бара жатқан шақтарымды еш ұмытқан жоқпын. Өйткені арбадағы затты бүлдірмей, шашпай-төкпей қалаға апарып, сенімді қолға тапсыру керек дейтін жауапкершілік зор болды. Одан жаз шыққанда, өгізге оқыра тиеді. Оқыра тигенде, жануарың арбаны бір жаққа, адамды бір жаққа лақтырып, тапырақтай жөнелуі мүмкін. Сол үшін ауылдан шыққанда, бір аяғына тұсау салып береді. «Бас жібінен қолыңды босатпа», – деп тапсырады. Өгіз шанышқалап кетіп, оған әлім келмей қала ма деп жол бойында үнемі үрейленіп отыратынмын. Солай көктемде, жаз кезінде, кейде шақырайған күн астында, кейде жауын-шашынды күндері бірнеше жыл бойы тасыдым», – дейді Құрманбек қария.

– Ата, сонда сіз жалғыз өзіңіз тасыдыңыз ба әлгі жүн-жұрқаны? – деймін мен.

– Әрине. Адам тапшы ғой, қарағым. Кәрі кісілер жарамайды. Шешем «баламды жібермеймін» деп айта алмайды. Ауылда басқа балалар да бар еді. Бірақ оларға басқа жұмыстарды бөліп берген. Басқа балалар бір-бірімізді сирек көретінбіз, – дейді қария.

Құрманбек ақсақалдың балалық шағы осылай өтті. Ол жалғыз

емес еді. Оның қатарында дәл осындай тағдырды бастан өткерген мыңдаған бала болды. Бүгінде олардың қатары сиреп барады. Ресми деректерге сүйенсек, елімізде 33 мыңнан астам тыл ардагері ғана қалған. Иә, уақыт тоқтамайды, тарих куәгерлері біртіндеп ортамыздан кете бермек.

Құрманбек Шоқанбайұлы 1930 жылы қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Шилі ауылында дүниеге келген. Бір әулеттен тараған он үш баланың тек үшеуі ғана аман қалып, өмірдің ащы дәмін ерте татқан. Соғыстан кейін ол пошта саласында еңбек етіп, бейбіт өмірдің құрылуына да үлесін қосты. Өмірін еңбекпен өрген жанның тағдыры да берекелі болды. Өзі де он үш бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұрпағы еліміздің әр түкпірінде түрлі салада еңбек етіп жүр.

Қазір қария Астанада кенже ұлы Жанқылыштың қолында тұрады. Жасы ұлғайғанымен, еңбекке деген ықыласы сол күйі сақталғаны көрініп тұр. Жанқылыштың айтуынша, қария ауылға барса да, қол қусырып отырмайды. Яғни, еңбек оның болмысына айналған. «Қарашанырақта Құттықадам дейтін ағам бар. Әкем алты ай қыс қалада, алты ай жаз ауылда тұрады. Бертіңге дейін атқа мініп жүрді. Тек кейінгі жылдары ғана кәрілік жеңіп келеді», – дейді кенже ұл.

Тыл ардагерлерінің балалық шақтағы еңбегі – ерлік туралы дастан. Бірақ бұл ерлік дабыра мен данқ үшін жасалған жоқ. Олар тіпті өздерін батыр санаған да емес. Себебі өмір сүру үшін, бір жағынан жеңісті жақындатуы үшін солай жасауға тиіс еді.



Жеңіс күніне орай Ақмола облысының Родина ауылында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы әскери-тарихи музей филиалының салтанатты ашылуы өтті.

**А** Айсұлу СЪЕЗХАН

Бұл – Ұлттық әскери-патриоттық орталығының құрамында ашылып отырған үшінші филиал. Негізгі музейдің бірі Астана қаласында орналасса, екіншісі Алматыда бой көтерді. Әскери-тарихи музейдің Родина ауылында ашылуының да өзіндік мәнісі бар.

Салтанатты іс-шара Ұлы Отан соғысы батырларына арналған ескерткішке гүл шоғын қою рәсімімен басталды. Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңіс жолында

жан аямай күрескен 130-дан аса ақмолалық батырдың есімі осы ескерткішке қашап жазылған. Рәсімге Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Қарулы Күштердің ардагерлері, қоғам өкілдері мен өңір тұрғындары қатысты. Жаңа музей кешені жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу мен тарихи жадты қалыптастыруда маңызды мәдени орталыққа айналып отыр.

## ӘСКЕРИ-ТАРИХИ МУЗЕЙ АШЫЛДЫ

– Біз жай ғана музей емес, болашақ құрметпен ұрпақ тәу етер тәрбие орнын ашып отырмыз. Мұндай жобалар арқылы жастар бейбіт өмірдің қадірін, аға буынның ерлігін және Отанға қызмет етудің маңызын тереңірек түсінетін болады. Тарих тек оқулықтарда немесе цифрлық кеңістікте ғана болмауы керек, оны көріп, сезіне білу қажет, – дейді Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов.

Музей қорында Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қару-жарақ пен әскери техника үлгілері, архивтік материалдар, жауынгерлік тулардың түпнұсқасы, Ақмола өңірінің Жеңісті жақындатуға және елдің дамуына қосқан үлесі туралы баяндайтын жәдігерлер жинақталған. Жалпы, музей кешені ауылдың іргетасы қаланған кезден бүгінге дейінгі тарихи кезеңді толық камтыған.

– Музейде 100-ден астам жәдігер бар. Барлығы да шынайы өмірде, қан майданда пайдаланылған қарулар мен құрал-жабдықтар. Көбі Ұлттық әскери-патриоттық орталығында іріктеліп, осында жеткізілді. Еліміздің бүкіл

өңірінде және Родина ауылында да «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы жұмыс істейді. Осы қозғалыс та іс-шараның өтуіне атсалысып жатыр, – дейді Ұлттық әскери-патриоттық орталығының басшысы Арман Әсенов.

Музей кешенінде 1939-1944 жылдары шығарылған 16 әскери техника да бар, ауыр әскери техника құралдарының кейбірі соғыс кезінде қолданылып, кейін жөндеуден өткен. Атап айтқанда, бронды техника, артиллериялық жүйелер, ұшақ үлгілері, атыс қарулары және әскери тұрмысқа қатысты заттар сақтаулы тұр. Музейді ашу кезінде заманауи әскери-музейлік кешендерді қалыптастырудағы озық шетелдік тәжірибе де назардан тыс қалмаған.

– Музей жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне үлес қосып, батырларымыздың ерлігін ұлықтап, тарихқа деген құрметті арттырады. Мұнда халқымыздың қайсарлығы, рух күші мен ерлігі көрініс тапқан. Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні қарсаңында ашылуы – ардагерлер мен ел қорғаған азаматтарға

көрсетілген зор құрмет. Музей өңір үшін маңызды мәдени ағартушылық орталыққа айналады деп сенемін, – дейді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Бір айтарлығы, Әскери-тарихи музейдің филиалы «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэрдің бастамасымен және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қолдауымен ашылып отыр. Сонымен қатар мемлекет, қоғам және әскери қайраткерлер, оның ішінде Мұхтар Алтынбаев, Бақытжан Ертаев, Руслан Жақсылыков, ардагерлер қоғамдастығының өкілдері де кешенді құруға сүбелі үлес қосқан. Марат Құсайынов жетекшілік ететін «Мемориалдық аймақ» іздетіру жасағының да еңбегін атап өту керек.

Родина ауылының еліміз үшін экономикалық бағыттағы орны ерекше, ал музейдің қызмет етуі ауылдың тарихи-мәдени тұрғыдан да маңызын арттырмақ. Жаңа кешен ұрпаққа туған өлкенің батырларын ұлықтаумен шектелмей, ауылға келетін қонақтар үшін де қымбат болары анық.



9 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Елордада еліміздегі ең қарт нейрохирург тұрады. Медицина мамандары оны «нейрохирургияның атасы» деп те айтады, себебі Теңдік Изақов – қазақтан шыққан тұңғыш нейрохирург дәрігер. Теңдік атаның балалық шағы ашаршылықпен қоса Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарымен тұспа-тұс келеді. 7 жасынан еңбекке ерте араласқан, ал 13 жасында тыл жұмысында еңбек етті. Теңдік атаның үйіне арнайы барып, қариямен әңгімелесіп қайттық. Тыл ардагерінің айтуынша, қазір ол 102 жасқа келген екен. Сұм соғыстың зауалын айтқысы келмейтінін де сездік, дегенмен әңгімені соғыс жылдарындағы естеліктен бастауға көндіріп бақтық...



**Теңдік Изақов, тыл ардагері:**

## ТЫЛДЫҢ ТАУҚЫМЕТІ СОҒЫСПЕН ТЕҢ ЕДІ

**– Соғыс туралы хабарды естіген кезді баяндап бересіз бе? Сол бір сәтте өміріңіз қалай өзгерді?**

– Туған жылым белгісіз. Шешем 1932 жылы 37 жасында дүниеден өтті, ішіндегі сәби бірге шетінеп кетті. Солай, біз жетім қалдық. 1932 жылы 5 жарым жаста екенмін. Ашық дереккезде 1932 жылы деп көрсетіліпті, бірақ шамамен есептеп көрсем, 1924 жылы өмірге келген секілдімін. 1941 жылы 22 маусым күні ғой деймін, аудан жақтан аттылы бір адам «еміс» деп шауып келе жатыр. Ол кезде неміс дегеннің кім екенін де білмейміз ғой. «Еміс-еміс», «соғыс-соғыс» деп айғайлап келеді. Ауылда сол кезде менмін деген 32 жігіт бар еді. Сол жігіттер атқа мінді де, кетті.

Ауылда енді мал бағу керек, мал бағатын ешкім жоқ. Малға ие болып 13-14 шамасындағы 4 бала, 12 шал, 32 жігіттің әйелі қалды. Ол кезде Қарқаралыдан 4-сыныпты аяқтап келген едім. Белді бұрып, пимамызды киіп алдық та, мал бақтық, шөп шаптық. Тылдағы еңбеккерлер соғысқа бармаса да, сарбаздармен тендей еңбек етті. Сарбаздар оқопта жатады, бомба түскен жағдайда тірі қалғаны қалады, ары қарай соғыс жалғасады. Ал ауылдағылардың қиындығы бітпейді, қатты қиналды, малға шөп шабу керек, малдың астын тазалау керек, жаздықүні малдан оқалақ теру керек, қой бағамыз. Қойды қосақтап сүт сауамыз, сол сүттен ірімшік жасаймыз, сол ірімшікті әскерге жібереміз.

**– Соғыс нені үйретті деп ойлайсыз?**

– Менің ойымша, бұл соғыс бүкіл халықтың көзін ашты. Соғыс деген не, қала деген не, материя деген не? Гитлердің жауыздығы халықтың көзін ашып кетті. Соғысқа алғаш кеткен сарбаздарда қару да болмады, екі кісіге бір мылтықтан келді. Алғаш кеткен жігіттердің ешқайсысы

ауылға оралмады, бірен-сараны ғана болмаса, көбі хабарсыз кетті. Соғысқа кеткендердің бәрі қараңғы адамдар ғой, орысша білмейді, командирлердің өзі басынып, жазалады деп те ойлаймын. Кәрібай деген ағам соғысқа қатысты, ол да хабарсыз кетті.

1945 жылы соғыс бітті, соғыс біткеннен кейін Қарқаралыда үлкен той өтеді. Сол кезде ең алдымен тыл еңбеккерлерінің еңбегі бағаланып, медаль берілді. Қазір 12 медалім, 1 орденім бар екен. 4-сыныпты бітіргеннен кейін соғыс аяқталған соң бірден 6-сыныпқа көштім. Сонда ауылда мектепке баратын бес-ақ ұл бала табылды. 1950 жылы сол бес бала мектепті бітірді. Үшеуіміз медицина институтқа оқуға түстік, екеуі Сахалинге кетті. Кейін туған жерге келіп, Қарқаралыда, Қарағандыдағы облыстық ауруханада хирург дәрігер болып қызмет еттім.

**– Соғыс жылдарында жаныңызға қатты батқан оқиға не мезет қандай еді?**

– Сол жылдары қыстың өзі қатты суық болды, -35, тіпті -50 градусқа дейін аяз түсті. Малды қораға түнде қамайды, күндіз астын тазалайды, ауыл тірлігі суықта тіпті қиын болды. Жаздықүні шөп шабамыз, қысқа мая дайындаймыз. Үкіметтің бір қателігі осында, тылдың адамдарын көлеңкеге қалдырды. Өзіміз аштан өлейін деп жатсақ та, барымызды соғысқа жібереміз.

Шешеден жетім қалып, балалар үйіне кеттік. Татар, украин, орыстың жетім балаларымен бірге тәрбиелендік. Қарқаралыда ағаш үйлер көп еді, соның бәрінде жетім бала толып кетті. Дәрігерлер келіп қарап, бізге киім мен тамақ берді. Бізді қарайтын адам болмады, әкем мал бақты, сол себепті балалар үйіне кеттік. Киім жоқ, бір киімді бір жыл киетінбіз, қазір, міне, бір көйлекті бір-ақ рет киіміз ғой. Аяқкиім жоқ, қар-

да жаланаық та жүрдік. Еңбек еткен соң денеміз әбден шыныққан ғой. Анау-мынау ыстық-суыққа да былқ етпейтін едік. Бір жақсысы, ол кезде тамақтың бәрі табиғи, ұн тамақ деген жоқ.

Әкем – қаріп танымаған адам, бірақ бүркітші, аңшы, ұста болды. Қанылтырдан сүт пісіретін, бидай қуыратын ыдыстар жасайтын шебер еді. 86 жасында өмірден өтті. Менен үлкен балалар Қарқаралыдағы техникумды бітірді. Төрт ағайындымыз. Әкем соғыс-



**Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп пен Абайды мектеп кезінен қызығып оқыдым, Алтынсариннің портретін сызатын едім. Олардың жазғанын Құранның сөзімен бірдей деп айтар едім. Қазір цифрлық аутизм деген ауру пайда болды, біз оны қолдан жасап отырмыз. Қай отбасында да үш-төрт бала болса, біреуі аутизммен ауырады. Тәрбиені әуелі ата-анадан бастау керек, ата-анаға насихат айту керек.**

қа қатысуға жарамаған, қарт кісі еді. Ол кісі менімен бірге мал бақты. Балалар үйінде 3-4 жыл болдым, менен үлкені 5 жыл болды. Колхоз ұйымдастырылып, елдің бәрі жиналып жатқанда, әкемнің жанына келдім. Колхозға мал келді, өгіз бағатын ешкім жоқ, бізді 7 жасымызда өгізге мінгізіп қойды, өгізге мініп шөп шаптық, егін ордық, мал бақтық. Кейін біртіндеп сауат алдық, жаман-жақсыны біліп қалдық.

**– Екі ғасырдың куәсі ретінде әрі дәрігер ретінде жастарға қандай кеңес бересіз?**

– Баланы еңбекпен тәрбиелеу керек. Бала дүниеге келген сәттен бастап еңбек етеді. Абай төртінші қара сөзінде «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі» дегендей, оның еңбегі – жылағаны, жыламай туса, сәби өліп қалады. Жылағаннан кейін ғана өкпе ашылып, оттегі барады. Бала еңбек етсе ғана адам болып шығады. Баланы табиғатқа бейім қылып тәрбиелеу

керек, әуенге, өлеңге жақын етіп өсіру керек. Музыка адам миын тәрбиелейді, Құрманғазы, Дәулеткерейдің күйін тыңдасаңыз, мида регенерация болады, яғни мидың нейрондары қалпына келеді. Домбыра тартқанда, көбелектер ұшып жүргендей күй болады, нейрондар бұдан қуат-нәр алады. Мен инсульт алған адамдарға музыка тыңдатып қоямын, тілге келмей қалған адамдар музыканың күшімен сөйлеп кетуі мүмкін. Кезінде Алматыда істегенімде, рейхстагқа ту тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқовты да ауруханада өзім тексергенмін.

**– Өзіңіз қатарлы 100-ге келген ақсақалдарды білесіз бе?**

– Ақтоғай деген жерде 100-ге келген бірлі-екілі қария бар, олардың өзі төсекке жығылып жатып қалды. Байқасаңыз, таяқ

мінді санасам, тау тасынан аз емес. Жүрегімді байқасам, индейін таза емес. Аршып алып тастауға, аспандағы саз емес» деген жолдар бар. Адам баласы қай жасқа келсе де, өзін-өзі тәрбиелеуге тиіс.

**– Абай өлеңдерін әлі күнге жатқа білетіңізге таңғалып отырмын. Қай кезден бері ұлы ақынның шығармашылығын зерттеп-зерделеп келесіз?**

– Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп пен Абайды мектеп кезінен қызығып оқыдым, Алтынсариннің портретін сызатын едім. Олардың жазғанын Құранның сөзімен бірдей деп айтар едім. Қазір цифрлық аутизм деген ауру пайда болды, біз оны қолдан жасап отырмыз. Қай отбасында да үш-төрт бала болса, біреуі аутизммен ауырады. Тәрбиені әуелі ата-анадан бастау керек, ата-анаға насихат айту керек. Мысалы, өткен ғасырдағы бала мен бүгінгінің баласы мүлде бөлек. Жастар көшеде де телефоннан бас алмайды, телефонмен ас ішіп, телефонмен жуынатын бөлмеге де кетеді. Кітап оқымайды, кітапты құшақтап жүріп оқыдық, Пушкинді, Абайды оқып өстік. Абайды оқыған адамның көкірек көзі ашылып, мәдениеті жоғарылайды. Қызығы, жапондардың өзі баласына телефонды 3 минутқа ғана береді.

**– Сіз қазір де адам емдейсіз бе?**

– Коронавирустан кейін адамдардың иығы ауыратын болған, мен соларды емдеп беремін, әлі күнге дейін операция жасаймын, радикулитті емдеймін, неврологиялық ауруларға операция жасаймын. Неврология – деген дүниежүзіндегі ең жаман ауру. Халық күнде хабарласады, Семейден, Қызылордадан, жан-жақтан, тіпті Мәскеуден адамдар іздеп келіп жатады. Инмен де операция жасаймын. Ауруханада жасайтын 4 сағаттық операцияны 15-20 минутта істеймін. Операция жасап отырғанда, пациентпен әңгімелесіп, ауруға байланысты сұрақтар қойып отырамын. Пациент пен дәрігер арасында кері байланыс болу керек.

**– Жолыңызды жалғап, дәрігер болған балаларыңыз бар ма?**

– Қызымның қызы, жиенім Оңтүстік Кореяда стоматологияны бітірді. Атын Ұлпан деп өзін қойғанмын, Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романын білетін шығарсыз. Екі қыз, екі ұл сүйдім. Үлкен ұлым қайтыс болып кетті, екі ұлым да стоматолог-хирург, немерелерімнің бәрі – стоматолог. Өзім медицинада 32 жыл стоматологиядан лекция оқығанмын, балаларымның бәрін осы салаға өзім бағыттадым. Өкінішке қарай, бүгінде де қазақ тілін білмейтін жастар көп болып отыр. Өзімнің психолог қызым да қазақ тілін жөнді білмейді, немерелерім де білмейді. Балаларға «қазақша білмесең, далада қаласың» деп айтып отырамын... Алда тілді де қағып алады деп сенемін.

**– Уақыт бөліп, әңгіме құрғаныңыз үшін көп рақмет!**

Сұхбаттасқан  
Айсұлу СБЕЗХАН



Елімізде жыл санап сұрапыл соғыстың жалынын «кешкен» ардагерлердің қатары азайып барады. Бүгінде Сыр өңіріндегі бейбіт өмірдің қадірін ұғындырып жүрген соңғы майдангер – Сырдария ауданының орталығы Тереңөзек кентінде тұратын Яхия Тасыров ақсақал.

**А** **Ербақыт**  
**ЖАЛҒАСБАЙ,**  
Қызылорда облысы

#### ҒАСЫРДАН АСҚАН ТҰЛҒА

Ғасырдан асқан ғұмыр иесі бүгінде 105 жасқа толып отыр. Елдің ақ батасын алып отырған абыз қарияның айтары аз емес. Оның өмір жолы ерлік пен елдікке, төзім мен табандылыққа толы. Яхия Тасыров Тереңөзек ауданындағы Ақтүйе ауылында дүниеге есігін ашады. Балалық шағы ел басына түскен ауыр кезеңмен тұспа-тұс келді. 1930 жылдардағы ашаршылық нәубеті олардың отбасына да оңай тимеді.

Әкесінен ерте айырылған бала Яхия анасының қамқорлығымен өсті. Заманның қиын-қыстау кезеңінде тағдыр тауқыметін тартқан ана екі баласын ертіп Ташкентке қоныс аударады. Сол жерде болашақ майдангер еңбекке араласа бастайды. Алдымен Ташкенттегі училищені ойдағыдай бітіріп, кейіннен тоқыма фабрикасына жұмысқа орналасады. Жастайынан еңбек ерте есейтіп, маңдай термен нан табуға машықтанады.

1941 жылы соғыс өрті тұтанғанда Яхия Тасыров та көппен бірге Отан қорғауға аттанады. Соғыс өртінің шырмауында қалған кезеңде ол алдымен Фрунзе аудандық әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылып, Омбыдағы әскери дайындық курсынан өтеді. Кейін Сталинград майданына жіберіліп, тарихтағы ең қанды шайқастардың біріне қатысады.

Жас сарбаздың алғаш кезден көрмегені жоқ. Майдан даласында окоп қазып, танкіге қарсы орлар жасап, жаумен бетпе-бет шайқасқа түседі. Бір сөзбен айтқанда, оның майдан даласындағы әр күні өлім мен өмірдің арпалысына толы болды.

Қарт майдангер сол бір ауыр күндерді әлі күнге дейін есінен бір сөтке шығарған емес. Оның айтуынша, соғыс адам баласына тек қайғы мен қасіретті күндерімен ғана есте қалатын ең қорқынышты кезең болып саналады.

Сол уақытта соғыс өрті көптеген жазықсыз тағдырды талқандап, талай шаңырақты ортасына түсірді. Ақ жаулықты аналарды жарынан айырып, жесір етсе, көптеген бейкүнә бүлдіршінді әкеден айырып, жетім етті. Талай шаңырақты шайқалтты. Қария ол кезеңді тек адамзат тарихында қасіретті сәттерімен ғана есте қалғанына қынжылыс білдіреді.

Бозбала сәті оқ пен оттың ортасында өткен оған Сталинградтағы шайқастарда талай қаруластың қаза болғанын көру оңай соқпады. Бұл жас жауынгер үшін өте ауыр соққы болды. Бірақ сол уақытта қолына қару ұстаған әр-

бір жауынгерді елге деген сүйіспеншілік пен жеңіске деген сенім алға жетеледі.

Кейін Яхия Тасыров Курск доғасындағы шайқастарға да қатысады. Майдан даласында жауынгер станокты пулеметтің оқтаушысы болыпты.

Яхия талай мәрте неміс танктері мен артиллериясының жойқын шабуылдарына қарсы тұрған. Соғыс даласында алғаш рет осы ұрыста жараланыпты.

## СЫРДЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ

Кезекті бір соғыс сәтінде жау оғы қолын жанап өтіпті. Қатты жараланған оны госпитальға жібергенде, өз майдандастарынан қалыс қалып қойғанына қынжылып, жылаған сәті қарт солдаттың әлі күнге дейін есінен кеткен емес. Ардагер сол сәтті күні кешегідей жиі еске алады. Бұл оның Отан алдындағы жауапкершілікті қаншалықты терең сезінгенін көрсетсе керек.

Жарақаты жанына қатты батса да, ел алдындағы азаматтық парызы мен майдандастарынан жырақта қалғаны жігерін жасытпапты. Есесіне жарақатынан тез

жүріп өткен жолының белгісі, елі үшін жасаған ерен еңбегінің айғағы десек қателеспейміз.

Көптеген майдангер секілді ол да Берлинге дейін жетіп, Жеңісті сол жерде қарсы алуды армандаған екен. Алайда ауыр жарақат салдарынан Мәскеу госпиталінде жатқанда Германияның толық тізе бүккені туралы хабарды естиді. Бұл қуанышты сәт оның жадында мәңгі сақталған.

1946 жылдың қыркүйегінде туған жеріне оралған Яхия ақсақал бейбіт өмірге араласып, ел игілігі үшін еңбек етеді. Ұзақ жылдар Тереңөзектегі астық қабылдау

#### СОҒЫС САЛҒАН СҮРЛЕУ

Жалпы, Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі саналады. Сол бір 1941-1945 жылдары болған сұрапыл майдан талай адамның өмірін жалмап кетті.

Өзге елдермен қатар бұл алапат соғыс қазақ даласына да ауыр зардабын тигізді. Соның ішінде ел басына күн туған шақта Сыр өңірінің азаматтары да қолына қару алып, Отан қорғауға аттанды. Майдан даласындағы жанқиярлық ерлік пен тылдағы тынымсыз еңбек арқылы сырбойылықтардың Жеңіске қосқан үлесі өлшеусіз болды.

Соғыс басталған алғашқы күннен-ақ Қызылорда облысында әскери комиссариаттар жанынан әскерге шақыру жұмыстары қарқынды жүргізіледі. Тіпті, жас жігіттермен қатар өз еркімен ел ағалары да майданға сұранып барыпты.

Тарихи дерекке сүйенсек, сол кезеңде Сыр өңірінен 70 мыңға жуық азамат соғысқа аттанған. Олардың арасында ауыл еңбеккерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, теміржолшылар, студенттер мен өнер адамдары да болыпты. Өкінішке қарай, сол азаматтардың жартысына жуығы туған жерге қайта оралмаған. Бұл әр шаңыраққа қайғы әкелген ауыр қасірет еді.

Сыр бойынан шыққан жауынгерлер Кеңес әскері құрамында Мәскеу түбіндегі шайқаста, Ленинград қоршауында, Сталинград майданында, Курск доғасындағы қанды ұрыстарда ерекше батылдықты танытты. Олар жауға қарсы жан аямай шайқасып, қайсарлық пен төзімділіктің үлгісін көрсетті. Көптеген жауынгердің ерен еңбегі еленіп, орден-медальдармен марапатталып, ел мақтанышына айналды. Осылайша, соғыста ерлікпен қаза тапқан боздақтардың есімі туған жер тарихында мәңгі сақталып қалды.

**Тарихи дерекке сүйенсек, сол кезеңде Сыр өңірінен 70 мыңға жуық азамат соғысқа аттанған. Олардың арасында ауыл еңбеккерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, теміржолшылар, студенттер мен өнер адамдары да болыпты.**

айығып, соғыс даласына қайта оралуға асығады.

Жаужүрек жауынгер Берлинге жақын маңдағы шайқастардың бірінде екінші рет ауыр жарақат алады. Бұл жолы наряд жарықшағы екі аяғына бірдей тиіп, әскери ұшақпен Мәскеуге жеткізіледі. Алты ай бойы госпитальда ем қабылдаған майдангердің аяғын дәрігерлер аман алып қала алды. Алайда сол бір жарақаттан кейін бір аяғындағы оқ жарықшағы әлі күнге дейін сақталып қалыпты.

Қарт жауынгердің майдан даласында көрсеткен көзсіз ерлігі ескерусіз қалмады. Соғыс кезінде көрсеткен ерен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталып, сержант атағын алады. Сонымен қатар I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен наградталыпты. Көзсіз еріктің үлгісіндей болып, кеудесі медальға толы. Бұл марапаттар қанқұйлы кезеңде

пунктінде жұмыс істеп, ел экономикасының дамуына үлес қосады. Қай салада жүрсе де адалдық пен еңбекқорлықты ту еткен майдангер айналасына сыйлы болды.

Ардагер отбасын құрып, төрт бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде немере-шөбере сүйіп отырған бақытты ата. Ел-жұрты оны мейірімділігі, қарапайымдылығы және жанашырлығы үшін ерекше құрметтейді.

Ғасырлық тарихы бар тағылымды өмір жолынан өткен Яхия Тасыров қоғам өмірінен де шет қалған емес. Ол жастармен жиі кездесіп, соғыс жылдарындағы естеліктерімен бөлісіп жүреді. Жас ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін, Отанды сүюдің маңызын түсіндіруден өсте шаршаған емес.

Яхия ақсақал ешқашан атак қуып, өзін алға шығарған адам емес. Ол майдандағы ерліктері туралы көп айта бермейді. Алайда оның өнегелі ғұмыры нағыз батырлықтың үлгісі көрсетеді.

Сұрапыл соғыс жылдарында майдан даласымен қатар тылдағы еңбек те орасан маңызға ие болды. Майданға кеткен ер-азаматтардың орнын қарттар, әйелдер мен балалар алмастырды. Олар таңның атысы, күннің батысына дейін егіс даласында, мал шаруашылығында, өндіріс орындарында аянбай еңбек етті. Елдегі барлық күш майдан қажетін өтеуге бағытталды.

Сыр дикандары өндірген күрші сол жылдары майдандағы жауынгерлер үшін аса маңызды азықтың бірі болды. Дикан қауымы ауа райының қолайсыздығына, техниканың тапшылығына қарамастан, мол өнім алуға күш салды. Әйелдер кетпен шауып, су тасыды, егін екті. Балалар да еңбекке ерте араласып, үлкендерге қолғабыс болды. Соғыс жылдарындағы осындай халықтың төзімі мен бірлігі бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге болып жетіп отыр.

Негізі, Қызылорда өңірі соғыс жылдары тек азық-түлікпен ғана емес, мәдени және өндірістік тұрғыдан да майданға қолдау көрсеткені айтылады. Аймаққа эвакуацияланған зауыттар мен өнер ұжымдары орналастырылған. Олар өндіріс жұмысын жалғастырып, майдан қажеттіліктерін өтеуге атсалысқан. Театр және өнер адамдары жауынгерлерге рухани қолдау көрсету мақсатында ұдайы концерттер ұйымдастырып тұрыпты.

Соғыс кезінде халық арасында патриоттық рух ерекше жоғары мәнге ие болды. Ел ішінде «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» деген ұран кең тарады. Қарапайым халық қолындағы барын майданға жіберіп отырды. Әйелдер жылы киім тоқып, қариялар батасын беріп, аналар ұлдарын Жеңіс үшін аттандырды. Бұл кезең халықтың ауызбіршілігі мен рухының мықтылығын көрсетсе керек.

Сыр өңірінен шыққан көптеген майдангер елге оралған соң да халық шаруашылығын дамытуға зор үлес қосты. Олар соғыстан кейінгі қиын кезеңде елді қалпына келтіру жұмыстарына белсенді араласты. Ардагерлер жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, ерлік пен елдіктің озық үлгісін кейінгі ұрпаққа насихаттады.

Бүгінде майдангерлердің қатары сиреп барады. Уақыт өткен сайын соғыс куәгерлері азайғанымен, олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Қазір өңірде ардагерлерге құрмет көрсету, ескерткіштерді жаңғырту, тарихи деректерді жинақтау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Мектеп қабырғаларының да ерлік сабақтары тұрақты түрде ұйымдастырылып, жас ұрпаққа батырлардың өмір жолы насихатталып жүр.

Қалай дегенде де, соғыс сүрлеуі оңай болған жоқ. Жеңіс жолы батыр бабалардың қаны мен аналардың көз жасымен жетті. Сондықтан сұрапыл соғыс жылдарында Сыр өңірінің де тарихи қатпарлары жатыр. Ал оны ұлықтау, ел үшін жанын қиған боздақтардың есімін әрдайым құрметтеу кейінгі ұрпақтың басты парызы болып қала бермек. Сол себепті Сыр өңірінің майдангерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегі әрдайым ел жадында сақталады.

9 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Бүгінде Қазақстанда Екінші дүниежүзілік соғысты көзімен көрген жүзден астам ардагер өмір сүреді. Олардың біршамасы қазір еліміздің оңтүстік астанасында тұрады. Осыдан 81 жыл бұрын жеңістің дәмін татқан жас сарбаздар қазір тұтас бір дәуірдің өшпес шежіресіне айналды. Олар – тарихтың куәгері ғана емес, ел жадында мәңгі сақталатын ерлік пен ер рухтың символы.



Дарбала ЖАБАТАЕВА



Әбдірахман ИШМҰХАМЕДОВ

### Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Ғасыр жасқа жеткен соғыс ардагерінің бірі – Әбдірахман Ишмұхамедов. Қостанай облысында дүниеге келген ол фашистік Германияның Кенес одағына тұтқиылдан шабуыл жасағанын естіп, небәрі 17 жасында өз еркімен майданға аттанады. Жас сарбаз майдан даласында байланысшы болып қызмет етеді. Қауіп пен қатердің бел ортасында жүріп командирлердің бұйрығын жеткізу үшін зеңбірек үнінің астында сым тартты. Қарсылас жаудың сым желісін бақылауға алып, қарсы тараптың әскери жоспарын білу үшін әрекет етті. Осындай операциялардың бірінде Әбдірахман Шәріпұлы ауыр жараланып, алты ай бойы әскери госпитальда емделуге тура келеді. Алайда денсаулығы қалпына келген соң, ол қайтадан майданға оралады. Жауынгер әрі қарай үздіксіз байланысты қамтамасыз ету міндетін жалғастыруға бекінеді. Ол Новгород, Псков және басқа да ел мен аймақты жаудан азат етуге атсалысты. Жеңістің ақжолтай хабарын Бухаресттен естіп, елге қайтады.

Соғыс аяқталған соң Әбдірахман Шәріпұлы елге оралып, ҚазМУ-ге (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) оқуға түседі. Оның ғылымға деген ерекше ынтасы кандидаттық диссертация

# ҒАСЫР КУӘГЕРЛЕРІ: БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНДЕГІ БАТЫРЛАР



шыққан шәкірттері бір кәсіптің тұтқасын ұстаған, елге елеулі еңбегі сінген азаматтардың қатарынан көрініп жүр. Әбдірахман Шәріпұлы ғылым жолындағы ізденісінің нәтижесінде екі бірдей кітаптың авторы атанды. 2007 жылы еңбек жо-

марапатталды. Майдангер 100 жастан асқан шағында дүниеден озды. Оның есімі мен жанкиярлық жолы ұрпақ есінде мәңгі сақталады.

Соғыстың отты жылдарында майдан шебінде ерлер ғана емес, әйелдер де қолына қару алып, ерлік танытқаны ерекше атап өтуге тұрарлық. Олар тек тылда емес, оқ пен оттың ортасында ер-азаматтармен қатар жүріп шайқасты. Кейбірі медбике, байланысшы қызметін атқарса, ал енді бірі снайпер, ұшқыш болу арқылы нағыз қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Олардың қатарында соғыс алаңында байланысшы қызметін атқарған Дарбала Жабатаева да бар.

Соғыс оты тұтанған уақытта небәрі 8-сыныптың оқушысы болған Дарбала Әміржанқызы Қостанай облысында өмірге келген. Ардагер сұм соғыс туралы жайсыз хабарды радиодан естігенін айтады. Алайда ол жас болғандықтан бұл хабардың ауыр салмағын, мән-мағынасын әу баста толық ұғына алмаған еді. Сол кездері ер-азаматтардың майданға жаппай аттануына байланысты колхозда жұмыс күші күрт азайған-

дар диттеген жерге барғанша, майдан шебі бұл қаланың іргесіне жетіп үлгерген еді. Сол уақытта Дарбала Әміржанқызы өзі сияқты жас бес қызбен майданға аттануға шешім қабылдайды. Ол 161-ші атқыштар полкінің құрамында радист болып қызмет атқарып, Польшаның бірқатар портты қалаларын азат ету операцияларына қатысқан. Майдан шебінде жүріп ауыр контузия алса да, жауынгерлік рухын жоғалтқан жоқ. Дарбала жауынгерлік сапқа қайта қосылады. Батыр қыз жеңісті Балтық теңізінің оңтүстігіндегі Померанияда қарсы алды.

Қанды қырғын аяқталып, соғыс жылдарының ауыртпалығы артта қалған соң Дарбала Әміржанқызы 1946 жылы әскер қатарынан босатылады. Алайда ол әскерден кеткенімен, қоғамдық-саяси қызметтен алыстаған жоқ. Ардагер 30 жылдан астам уақыт бойы партиялық және кеңестік органдарда бірқатар жауапты лауазымды атқарды. Бейбіт өмірге оралған соң Дарбала Әміржанқызы туған өлкесі Урицкийде аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімін басқарса, кейін аудандық партия комитетінде қызмет етті. 1951 жылы Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Республикалық партия мектебін, ал 1960 жылы Мәскеудегі КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін аяқтады. 1957-1967 жылдар аралығында қатарынан бес рет Алматы қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесінің депутаты әрі атқару комитетінің мүшесі болып сайланды.

1960 жылы Дарбала Әміржанқызы өмірлік серігі Жанабай Қолымбаевты кездестіріп, көп ұзамай екеуі шаңырақ көтереді. Ерлі-зайыптылар екі ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ол бес немере, алты шөберенің ардақты әжесі. Қазір Дарбала Әміржанқызы қызымен бірге тұрады. Майдан даласында ерлігімен көзге түскен ардагер ІІ дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Белоруссияны азат еткені үшін», «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Тың және тыңайған жерлерді иргергені үшін» медальдарымен марапатталған.

Көненің көзі – қазыналы қарияларымыздың елде санаулысы ғана қалғанын ескерсек, олардың жүріп өткен жолы мен өнегесін көзі тірісінде лайықты деңгейде дәріптеу – ұрпақ алдындағы маңызды миссиямыз болып қала бермек. «Ғасыр куәгерлері» ардагерлердің ғұмыр жасына берілген теңеу емес, бұл – олардың қанды майданда жүріп өткен жолына берілген әділ баға.

Соғыс оты тұтанған уақытта небәрі 8-сыныптың оқушысы болған Дарбала Әміржанқызы Қостанай облысында өмірге келген. Ардагер сұм соғыс туралы жайсыз хабарды радиодан естігенін айтады.

дықтан, 14-15 жастағы жасөспірімдерді егін жинауға жұмылдырады. Жиналған бидайды майданға жөнелтуге атсалысқан балалардың арасында Дарбала Жабатаева да бар еді.

Деректерге сүйенсек, 1943 жылы Клин қаласынан Қостанайға оқ-дәрі зауыты эвакуацияланады. Сол тұста өндірісті жандандыру үшін жас мамандар қажет еді. Осы мақсатта Дарбала өз қатарластарымен бірге фабрика-зауыттық оқыту мектебіне жіберіліп, кейіннен тәжірибе алу үшін Клин қаласына аттанады. Алайда маман-



ция қорғап, кейіннен ғылым докторы дәрежесін алуға дейін жетеледі. Ғасыр жасаған ардагер бүгінде жоғары оқу орнындағы ұстаздық қызметін өміріндегі басты жетістігі деп біледі. Ол 60 жыл бойы ғылыммен айналысып, шәкірт тәрбиеледі. Қазір батырдың шекпенінен

лын абыроймен тәмамдап, зейнет демалысына шықты. Соғыс ардагері жұбайымен бірге үш перзент тәрбиелеп, артынан ұрпақ өрбітті. Батыр майдандағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» ордені, І дәрежелі Отан соғысы орденімен және тағы да басқа мерекелік медальдармен

Екінші дүниежүзілік соғыстың жүрекке салған жарасы әлі күнге жазылмағаны анық. 9 мамыр – Жеңіс күні жақындаған тұста сол бір қанды майдандағы зұлмат жылдар талайдың көз алдынан өте шығатындай. Себебі біреуі соғыста әкесінен айырылса, енді екіншілердің ет жақын бауырлары қайтады. Әлі күнге туған-туыстарын Мәскеуден бастап Берлинге дейінгі бауырластар моласынан іздеп жүргендер аз емес.

# Жамбылдан ШЫҚҚАН

**А** Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

Бұл соғыс қазақ халқына онай соқпады. Аталарымыз қару асынып майданға аттанса, апаларымыз бен балалар тылдағы еңбекте қалды. Бұл жайында белгілі тарихшы, академик Манаш Қозыбаев: «Қазақстан соғыс жылдарында шын мәнінде майдан арсеналына айналды. Республика еңбекшілері майдан талаптарына сай еңбек ете жүріп, соғыста аса маңызды стратегиялық мәні бар түсті металдар өндіруде өзінің одақтағы жетекші рөлін нығайта түсті. Соғыс жылдары Қазақстан майданға және қорғаныс өндірісіне қажетті мыстың үштен бірін өндіріп отырды. Майданда атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда құйылған қорғасыннан жасалды. Республикада сонымен бірге Қоңырат молибден кен орны, Жездідегі марганец өндіру кен орны, Ақтөбедегі Хромтау, Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл комбинаттары жедел салынып, іске қосылды. Осының арқасында одақтық өндірісте молибденнің – 60, висмуттың – 65, полиметалл кендерінің 79 проценті Қазақстанда шығарылды», – дейді тарихшы.

Бұдан бөлек, Шымкент қаласында өндірілген қорғасын, Ембінің мұнайы, Орталық Қазақстанның түсті металы, Қарағандының көмірі тонналап майдан шебіне жөнелтіліп отырды. Бұл аз десеңіз, октан да қымбат астығымыз да майданға вагондарға тиеліп ағылды. Мәселен, жамбылдықтар 1942 жылы Брянск майданына – 13, 1943 жылы Солтүстік Батыс майданына 16 вагон астық жеткізген. Сондай-ақ жаудан босатылған елді мекендерге төрт-түлік пен шаруашылыққа қажетті жылқы да берген. Тізіп айта берсең, тылдың майданға деген қолдауы аз болмаған. Ал ең қымбаты қазақ даласы Ұлы жеңіс жолында ұлы мен қызын да аямады. Буыны әлі қатпаған бозбалар да, еңкейген қариялар да, өмірдің қызығын көріп үлгермеген қарақөздеріміз де қару асынып, қан майданға аттанып кете барды. Олардың қатарында шығармашылық адамдары да аз болмаған.

Жамбылдық жауынгер жазушылар туралы сөз қозғағанда ойымызға ең әуелі данқты қолбасшы, Жуалының тумасы Бауыржан Момышұлы келері сөзсіз. Ер Бәукең ұлт әдебиетімен қатар, әскери әдебиетке де қомақты олжа салғаны даусыз. Бауыржан Момышұлының құнды жазбаларын бұған дейін ғалым Мекемтас Мырзах-

# ЖАЗУШЫ ЖАУЫНГЕРЛЕР



метұлы жинақтап, көшірмесін Жамбыл облысының мемлекеттік архивіне тапсырса, түпнұсқасы Алматы қаласындағы Республикалық Орталық архивте сақтаулы тұр. Ал алдыңғы жылы Батыр Бәукеңнің немересі журналист Бекет Момышұлы Мәскеу мұрағатынан маңдай тердің күшімен тың деректерді тағы алдырып, Бауыржан Момышұлының әскери жазбаларын жаңғырта түсті. Бұл сөз жоқ, ұрпақ үшін мол мұра, үлкен қазына.

кіреберісіндегі мәрмәр тақтада ұрыс даласынан оралмаған жазушылардың есімдері танбаланып жазылған. Онда жамбылдық қаламгер Аманғали Сегізбаевтың есімі де тұр. Қаламгер – Қостанай облысы, Ақсу ауылының тумасы. Молдадан хат танып, еңбек жолын ауыл мұғалімдігінен бастаған. Баспасөз беттерінде ойлы өлең, өткір мақала, фельетондарымен танылып, 1924 жылы Орынбор қаласындағы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») га-

**Жазушы Жайық Бектұров та майданға Жамбыл жерінен аттанды. Ол 1939 жылы Жамбыл облысы құрылғанда Алматыдан облыстық газетке бас редактор болып келген.**

Жамбыл жерінен қан майданға аттанған қаламгерлердің қатарында Талас өңірінің тумасы Шона Смаханұлы, Кенигсберг түбінде ерлікпен қаза тапқан Рахымбай Құлбаев, ауыл мұғалімі болған Аманғали Сегізбаев, майданда дивизиялық газет редакторы болған Жайық Бектұров, Жамбыл жерінде жасақталған 105-ші атты әскер дивизиясы құрамында болған Мынатай Қыстаубаев пен Қалмахан Әбдіқадыров та бар.

Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратының

зетіне шақырылады. Соғыс басталар тұста ол осы газеттің Жамбыл облысы бойынша меншікті тілшісі болып, майданға Әулиеата жерінен аттанған.

Талас өңірінің перзенті Шона Смаханұлы да ел басына күн туғанда сарбаздар қатарында сап түзеді. Сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысында ұзақ жылдар партияда басшылық қызметте болған жазушы Әбжапар Жылқышиев те майданға туған жері қазіргі Тұрар Рысқұлов ауданынан аттанды. Құлтан жеріндегі бір ауыл



осы кісінің есімімен аталады. Қордайдың Шарбақты ауылында 1925 жылы дүниеге келген Сансызбай Сарғасқаев та соғысқа қатысып, оралған қаламгердің бірі.

Жазушы Жайық Бектұров та майданға Жамбыл жерінен аттанды. Ол 1939 жылы Жамбыл облысы құрылғанда Алматыдан облыстық газетке бас редактор болып келген. Сол жылдың қарашасынан 1942 жылдың мамырына дейін осы қызметті басқарған. Ақмола облысы Қызылағаш ауылының тумасы Жайық Бектұров майданда дивизиялық газет редакторы болған. Елге оралған соң 1958 жылдан бастап ұзақ жыл Жазушылар одағының Қарағанды облысындағы облысаралық бөлімшесін басқарған.

1919 жылы өмірге келген Балтабай Адамбаев Сарысу ауданы, Байқадам ауылының тумасы. Майданда рота командирі болды. Өлең жинақтары, деректі әңгімелер мен повестерінен тұратын кітап жинақтары бар.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстанда 12 атқыштар дивизиясы мен 4 ұлттық дербес атты әскер дивизиясы, 7 бригада, 50-ге жуық полк, батальон және өзге де әскери құрамалар жасақталды. Олардың бәрін киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуде жамбылдықтар ерен еңбектің үлгісін көрсетті.

1941 жылы қараша айында Жамбыл қаласында 105-ші дербес ұлттық атты әскер дивизиясы қауырт құрылды. Облыс басшылығы тікелей жұмылдырылған бұл науқанның қиындығы өз алдына еді. Ұлттық болған соң, оған ұлт азаматтары көптеп тартылуы керек болды. Бұл ауылда елді еңбекке жұмылдырып жүргендердің қатарының тағы да сирей түсуіне әкеп соқты. Ол аз десеңіз, жұмысқа жегіліп жүрген атты да майданға жөнелту міндеті қойылды. Бұл, әсіресе Жамбылда 105-ші дербес ұлттық атты әскер дивизиясын жасақтауға байланысты шешімнің қабылдануына орай күрделене түсті.

– Облыстық архивтің 282-қорының 1-тізіміндегі 453-ісінің

29-бумасында 1943 жылдың қыркүйегіне дейін Жамбыл облысында және Жамбыл қаласында қандай әскери құрамалар құрылғаны туралы мәлімет сақтаулы. Осы мәліметке сүйенсек, 1941 жылы маусым айында 678-ші жеке атқыштар батальоны құрылды. Осы жылдың тамыз айында 81-ші атты әскер дивизиясы жасақталды. Соғыстың басталған жылы облыс және қала тұрғындары үшін аса қауырт болғанын байқауға болады. Осы жылдың қараша айында Бас қолбасшының бұйрығы бойынша Жамбыл облысында 105-ші дербес ұлттық атты әскер дивизиясы жасақталды. Шілде айында дербес инженерлік-құрылыс батальоны Жамбыл қаласынан майданға аттанды. Осы жылдың соңында облыста газсыздандыру отряды құрылды.

Жамбыл қаласында жасақталып жатқан ұлттық атты әскер дивизиясының сапына алынып, әскери дайындықтан өткен Қалмахан Әбдіқадыров бұл кезде ел таныған ақын болған. Әйгілі «Мың бір түн» хикаясын қазақша сөйлеткен жазушы К.Әбдіқадыров Қызылорда облысы Шиелі ауданының тумасы болатын. Соғыстан аман-есен оралған К.Әбдіқадыров Қазақстан Жазушылар одағында, Жамбыл ақының мұражайында қызмет атқарып, 1964 жылы өмірден өтті, – дейді Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің бөлім басшысы Сағындық Зейнуллаұлы.

Жамбыл облысынан Қалмахан Әбдіқадыровпен бірге 105-ші атты әскер дивизиясында болғандардың бірі – Талас ауданының Қызылөуіт ауылында 1922 жылы дүниеге келіп, соғысты Берлинде аяқтаған Мынатай Қыстаубаев та бар. Аға лейтенант шенінде майданнан оралып, туған ауылында ұзақ жылдар ұстаздық еткен ол алайда Жазушылар одағына өтпеген. Атақтардан алыс жүрген көрінеді. Алайда туған ауылы Қызылөуіттегі орта мектеп Мынатай Қыстаубаевтың есімімен аталады.

Байқап тұрсаңыздар, жамбылдық жазушы жауынгерлер қан майданның барлық шебінде болған. Тылдан жөнелтілген қолдардан бөлек, қазақ қаламгерлері майданда сарбаздарды отты өлендерімен, әсерлі әңгімелерімен де рухтандырып отырған. Бұл да Ұлы жеңіс таңының атуына өзіндік үнін қосқаны анық.

9 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Жанат Әскербекқызы – қазақ поэзиясында өзіндік үні мен терең философиялық танымымен ерекшеленген ақын. Оның өлеңдерінде ұлттық рух, адам жанының иірімдері айқын сезіледі. Кейіпкеріміз қазақ әдебиетінің теориясы мен сынына да елеулі үлес қосып келеді. Ақынмен әңгімеміз де рухани кеңістік туралы, әдеби өмір туралы өрбіді.

**Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ, ақын:**

# Ақындықтық — МАМАНДЫҚ ТА, ЖӘСІШ ТЕ ЕМЕС



— Ақын Жанат та, ғалым Жанат та көпке танымал. Өлеңдеріңіз де, ғылыми мақалаларыңыз да жиі жарияланып отырады. Бірақ өзіңіз туралы көп айта бермейсіз. Құпия, жасырын болғанды жақсы көретін секілдісіз. Оның себебі неде?

— Әлеуметтік желіде «лақап атты» біреу «асқан білгірлікпен»: «ақын болып та, ғалым болып та жарытқаны шамалы» деген мағынада комментарий жазғанын көзім шалып еді. Шама, соның айтқаны дұрыс болар. Әзілім ғой...

Мұғалімдер отбасында дүниеге келіп, тәрбиелендім. Бұл тәрбие әр сөзге, әр іске жауап беруге үйретті. Апаларым (біздің ауылда «әжені» «апа» дейді) тарапынан да ескерту, бағыт беру көп болды. «Алға шықпа — көз тиеді, артта қалма — сөз тиеді. Тең ортада жүр», — дейтін еді 92 жас ғұмыр кешкен нағашы апам. Шама келсе, солай болуға тырысып жүрген түріміз шығар.

— «Ғылым мен поэзияның ортақ тұсы бар: ол — әдебиет» деген екенсіз. Ғылым жолына бет бұрмағаныңызда немен айналысар едіңіз? Жалпы, өлең ақынды асырай ала ма?

— Екеуінің біреуі ғана десе, екеуін санамдағы бір сарайға орналастырып, «әдебиет» деген бір атаумен тандар едім. Әрине, таңдау жасауға мүмкіндік берілсе. Ақындық — пешенеге бұйыратын өнер болса, ғылым — қабілет пен ізденістің жемісі. Егер ғылымға бет бұрмасам, ақын болып жүрер едім, әрине, бола алсам...

Ақындық — мамандық та, кәсіп те емес. Алайда адамның рухани азығы өлең болғандықтан, сөзсіз асырайды. Кеменгер Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен», — деп тегін айтпаса керек.

— Сіздің алғашқы зерттеген тақырыбыңыз — мифология. Яғни, мифтің поэтикадағы қызметі туралы болғаны белгілі. Мифология — бұл қызық дүние ғой, тіпті бұл салаға қалам тартқандар (қазақ әдебиетінде) көп емес. Кейін де бұл тақырыпқа қайта оралған сәттеріңіз болды ма?

— Алғашқы емес, негізгі тақырыбым. Қазіргі қазақ әдебиеттануында мифопоэтикалық зерттеулер аз емес. Ал мен әдебиеттегі мифтік қабатты зерделеуді бастаған кезімде санаулы ғана еді. Менің алдымда Сейіт Қасқабасовтың ғылыми-теориялық тұжырымдары мен Серікбол Қондыбайдың ұлттық мифологияның тамырына үнілген еңбектері тұрды. Ал шетел әдебиеттануында, мәдениеттану мен фольклортануында мұндай еңбектер баршылық. Өз зерттеулерімде көп қайталанатын тұ-



**Тереңге бойламау, өз-өзіне риза болу — ең басты кемшілік дер едім. Ал жетістік ретінде жас ақындардың өлеңдеріндегі тың ізденістерді айтуға болады.**

жырымдарды айтсам, алман жұртының Фридрих Шеллинг деген ақыны әрі ғалымы: «Миф — ежелгі поэзия, поэзияның ядросын мифтен табамыз», — деген екен. Америка жазушысы Торнтон Уайлдердің: «Миф дегеніміз — өзінің тарихын ұзақ ғасырлар бойы әңгімелеген халықтың арманшыл жаны», — деген қанатты сөзі менің жадымда ән салып тұрады десем де болады. Италиялық Джамбатисто Вико тек поэзия ғана емес, ілім-ғылым, өнер атаулының бастауы миф екенін айтады. Мен де осы позицияны ұстанам. Мифология арқылы структуралық антропологияға, семиотикаға назар аудару мен бастаған үрдіс емес, әлем ғылымындағы дәстүр. Миф пен әдебиеттің сабақтастығын әдебиеттанушы ғалымдардың әр талдауынан көре аласыз десем артық айтқандық емес.

— Ғалымдық деген ақын адамға өлең жазуға кедергі келтірмей ме?

— Кедергі келтіретін бойкүйездік пен жалқаулық қана... Өлеңді жоспарлап жаза алмайсыз. Ғылыми ізденісті қатаң тәртіппен жоспарлы түрде жүзеге асыру керек.



ше назарын аударды десем болады. Ұстазыма талдауды алдында ұсынған едім. Рымғали ағам Еуразия ұлттық университетіндегі кабинетіне бір күні мені шақырды. Барсам, Есенғали аға отыр екен. «Сенің өлеңіңді мына қызым талдапты, оқып көр», — деп компьютерде терілген мақаланы ақынға берді. «Жақсы ақын екенімді Тоқаш көкем айтып еді бір кезде», — деп күле сөйлеген ақын ағамыздың әзіл-шыны аралас лебізін ол кезде түсіне қоймадым. Бұл, шамасы 2001 жыл болу керек. Сол мақала кейінірек Рымғали ағаның қолдауымен «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Есенғали аға Рымғали ұстазыммен телефон арқылы хабарласып, ризашылығын білдіріпті. Соған қарағанда дұрыс көзқарас әу бастан болған сияқты.

— Раушановқа дейін Оралхан Бөкей шығармаларына қызыққаныңызды айтасыз. Қаламгердің туындылары несімен баурады?

— Оралхан Бөкей туындыларындағы табиғат пен адам тақырыбына, сондай-ақ ерекше мінезді кейіпкерлеріне оқушы кезімнен қызығушылығым ерекше болды. Романтикалық әуендегі әңгіме-повестеріндегі Алтай келбеті, Қар Қызының тағдыры, Сайтан көпірдегі оқиға, жетім ботаны жетелеген Акботаның трагедиясы, осы сияқты ерекше сипатты оқиғалардың мифтік бояумен үйлестірілуі айрықша әсер етті. Жалпы, бала күнімізден апамдар айтқан ертегілер мен 5–7 кластардағы «Ежелгі дүние тарихы» оқулығында берілетін көне грек мифтері есімде ерекше сақталып еді. Осы бір қызығушылық көркем әдебиетке, миф әлеміне, көне дәуірге деген ынта-ықыласымды оятқан болар.

— Өлеңге оралсақ: «Поэзияға кеуденің керегі жоқ. Қазаққа өлең керек. Нағыз өлең. Құдіретті өлеңнің алдында бәріміз дәрменсізбіз!» дегеніңіз бар. Нағыз өлең дегеніңіз қандай өлең?

— Нағыз өлеңнің қандай екенін Абай әйгілеп айтты емес пе: «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы» деп басталатын өлеңінің әрбір жолында нағыз өлеңге қойылар талап айқын көрсетіледі емес пе? Абайдан асырып не айттайын.

— Өлең арқылы бір адамның тағдырын өзгерту керек болса, қай өлеңіңізді тандар едіңіз?

— Айта алмаймын... Ойлану керек... Мүмкін «Қара гүл»... Әлде «Адаққан қаз» немесе «Қыш тақтадағы сына жазу».

— Ақындық жолда өзіңізбен күрескен кезіңіз болды ма?

— Адам өмірі өзімен күресуге құрылған. Өзгені емес, өзімізді жеңе алмай келеміз...

— Осыдан он жыл бұрын «өлең мені тастап кеткен жоқ па?» деген қауіпіңізді айтқан екенсіз. Тастамағаныңыз дәлелі — өлеңдеріңіз. Қазір ше, ондай қауіп жоқ па?

— Қауіп сөйілген жоқ...

— Өмірде айта алмаған дүниені өлеңмен жеткізген тұсыңыз ше? Ондай сәттер кездесе ме?

— Тағы да Абайға жүгінейін: «Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр, Сырымды тоқтайтын айта бермей» демеі ме ұлы бабам...

— Поэзия деген сіз үшін?

— Өлең — рухқа нәр, әр берер қуат көзі.

— Бүгінгі жас ақындардың өлеңдерінен сіз байқаған кемшілік не жетістік қандай?

— Тереңге бойламау, өз-өзіне риза болу — ең басты кемшілік дер едім. Ал жетістік ретінде жас ақындардың өлеңдеріндегі тың ізденістерді айтуға болады.

— Жаңа заманның әдебиетінде жаңашылық бар ма?

— Әрине, бар. Әр заманның сөз өнеріне әкелер өз өрнегі бар екенін ескерсек, тәуелсіздік, жаһандану қазіргі көркем туындыларға өзінің игі әсерін тигізетінін ешкім жоққа шығара алмайды.

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен  
Гүлзина БЕКТАС

Ұлы Отан соғысы туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен, көз алдымызға от кешкен ерлердің айбынды бейнесі келетіні сөзсіз. Бірақ сол сұрапыл жылдардың бізге жетпеген тағы бір шындығы бар. Ол – майдан шебінде жазылған сарыала хаттар. Оқ пен оттың ортасында туған сол хаттарда бір халықтың рухы, бір ұлттың намысы, бір буынның тағдыры жатыр. Қазақтың қос қаһарманы – Бауыржан Момышұлы мен Мәлік Ғабдуллин арасындағы хаттар да дәл сондай сол бір ерлікке толы жылдардан сыр шертетін тарихи әрі рухани қазына. Алаштың қос батыр ұлының арасындағы байланыс – жай ғана әскери әріптестік қана емес, ұлттық рухтың, азаматтық адалдықтың, парасат пен ерліктің тоғысқан тұсы еді. Бүгінгі ұрпақ үшін бұл хаттар – тек архивтік дерек емес, тұтас бір дәуірдің жанды шежіресі десек те артық айтпаспыз...




# БАУЫРЖАН мен МӘЛІКТІҢ ТАҒДЫРЛЫ ХАТТАРЫ

**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

**МАЙДАНДА БАСТАЛҒАН РУХАНИ ТУЫСТЫҚ**

1941 жыл. Алматы маңында генерал-майор Иван Панфиловтың басшылығымен 316-атқыштар дивизиясы жасақталды. Осы құрамда майданға аттанғандардың арасында автоматшылар ротасының саяси жетекшісі Мәлік Ғабдуллин мен батальон командирі Бауыржан Момышұлы да болған еді. Бірі – отты мінезді қолбасшы, бірі – білім мен парасатты серік еткен жас офицер. Музей қорында сарымайдай сақталған қос батырдың арасында сол бір кезеңде жазылған хаттарда олардың соғыс жағдайында үнемі жүздесіп, ұзақ пікірлесіп отыруына мүмкіндік болмағаны анық байқалады. Бірақ рухани үндестік оларды хат арқылы табыстырыпты.

Қос батырдың бір-біріне жолдаған хаттары негізінен төте жазумен жазылған. Өкінішке қарай, хаттардың бәрі толық сақталмаған. Мәлік Ғабдуллиннің өзі




соғыс кезінде бірнеше қап материалдарының бомба астында жанып кеткені жайлы айтқан. Соған қарамастан, бүгінге жеткен хаттардың өзі екі тұлғаның арасындағы өте терең сыйластық пен сенімді анық аңғартады.

Жазыққан хаттарда әдеттегідей тек амандық-саулық сұрасу жоқ. Онда майдан ахуалы, ел тағдыры, ұлттық рух, әдебиет, тарих, адамгершілік, болашақ туралы ойлар өріліпті. Ең бастысы – бірін-бірі шексіз құрметтеген екі

азаматтың ой тұңғығындағы ішкі жан әлемі толық көрінеді.

## МӘЛІКТІҢ БАУЫРЖАНҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ

Мәлік Ғабдуллин Бауыржан Момышұлын тек командир ретінде емес, рухани ұстаз ретінде қадірлеген. Оның Баукеңнің жары



Жамал мен ұлы Бақытжанға жазған хаттарының өзінен сол ықылас анық байқалады.

«Біз Бауыржанның тәрбиесінде өскен адамдармыз» осы бір ауыз сөздің астарында атан түйеге жүк боларлық терең мағына жатыр-ау.

Мәлік батыр Баукеңнің «Қызыл Ту» орденімен марапатталғанын естіп, Жамалға жолдаған хатында ерекше қуанышы мен ыстық лебізін білдіреді. Бұл – майдан даласында бір адамның марапаты бүкіл казак сарбаздарының мерейіне айналған аса үлкен қуанышты кезең еді.

Ал Бауыржанның батыр өр тұлғасын сипаттаған жолдары күні бүгінге дейін оқырманды тебіртпей қоймайды:

«Батырлық, ерлік, өжеттік – бір кісінің бойында болатын қасиет емес... Бірақ осы екі қасиеттің екеуі де Бауыржанда бар». Мәліктің бұл сөздерінен оның адам танаудағы көрегендігі, азамат қадірін бағалай білетін биіктігі аңғарылады. Ол тіпті «Егер жазушы болсам, көк күмбезді қағаз етіп, көкала дарианы сия етіп «Батырым, Бауыржан» деген хикая жазар едім», деп ағынан жарылады. Бұл – жалған мадақ емес, майданда бар жан-тәнімен сезінген шындық еді.

## МӘЛІККЕ БЕРІЛГЕН АТАҚ – ҰЛТҚА БЕРІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Өшпес ерлігімен көзге түскен Қазақ ұланы – Мәлік Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілуінде Бауыржан Момышұлының еңбегі ерекше болғанын атап өткен ләзім. Бұл туралы тарихи деректер де, Мәліктің өз хаттары да куә болады. Кеңес Одағының қылышынан қан тамған сұрқай саясат ұстанған сол кездегі жүйеде қазақ офицерінің ерлігін іс жүзінде бүтін бір Одаққа мойындату оңай шаруа да емес еді. Ұлтқа шекеден қарайтын, менсінбейтін шовинистік көзқарас күшті болатын. Осындай жағдайда Баукең майдандас інісінің ерлігін дәлелдеп, жоғарыға қайта-қайта хат жазып, ұсыныс жасағаны мәлім.

Мәлік кейінгі жазбаларында «Маған герой атағын берді. Бұл атаққа ұсынуда Баукеңнің еңбегі зор», – деп ақтарыла жазды. Шын мәнінде, бұл тек Мәлікке берілген атақ емес, бүкіл қазақ жауынгерінің жігерлі намысы, батылдығы мен отты жүрегін мойындау еді.

Қазақстан халқы үшін Ұлы Жеңіс күні ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын, тарих пен тағдыр тоғысқан қасиетті мереке. Бұл күн бейбіт өмірдің қадірін ұғындырып, өткеннің ауыр сабақтарын еске салады. Екінші дүниежүзілік соғысқа Қазақстаннан 1,4 миллионнан астам адам аттанып, олардың жартысына жуығы туған жеріне оралмады. Бүгінде сол сұрапыл жылдардың куәгері болған 62 қазақстандық ардагер ғана Жеңістің 81 жылдығын қарсы алып отыр.

**А** Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

# ЕРЛІГІ ӨЛШЕУСІЗ ТҰЛҒАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

Мемлекет басшысы атап өткендей, Ұлы Жеңісті ұмытпау дегеніміз – батырларымызды жадымызда сақтау, олардың ерлігі мен елге деген адалдығын ұрпақ санасына сіңіру. Бүгінгі бейбіт өмір мен тұрақтылық аға буынның жанқиярлығы мен табандылығының арқасында келгенін әрдайым есте ұстау қажет. Майдан даласындағы ерлікпен қатар, тылдағы тынымсыз еңбек те Жеңіске өлшеусіз үлес қосты.

Оңтүстік өңірдің, оның ішінде қазіргі Түркістан облысының тұрғындары да соғыс жылдарында үлкен сыннан өтті. Майданға 140 мыңнан астам жерлестеріміз аттанып, олардың арасынан 51 адам Кеңес Одағының Батыры атанды. Сонымен қатар 8 жауынгер Данқ орденінің толық кавалері болды. Бұл өңірден шыққан батырлардың ерлігі ел жадында мәңгі сақталады деген сөз.

Соғыс жылдары ел экономикасы түгелдей майдан қажеттілігіне жұмылдырылды. Қаратаудағы кеніштерде қорғасын мен мыс



өндіріліп, қорғаныс саласына жіберілді. Ленгир шахталарында көмір өндірісі күшейтілді. Шымкенттегі өндіріс орындары майданға қажетті материалдармен қамтамасыз етті. Аналар мен балалар, қарттар егін егіп, мал бағып, тынымсыз еңбек етті. Олардың маңдай тері мен төзімі Жеңісті жақындатқан маңызды күш болды.



Қазақстандық жауынгерлер Мәскеу түбіндегі шайқастардан бастап Берлинге дейінгі ұрыстарға қатысты. Ленинград қорғанысы, Сталинград пен Курск шайқастары, Еуропаны азат ету жолындағы қиян кескі ұрыстар олардың батылдығын айқын көрсетті. Соғыстан кейін де қазақстандық сарбаздар Қиыр Шығыстағы әскери қимылдарға қатысты. Бұл тарихи кезең ел азаматтарының ерлігі мен қайсарлығын дәлелдеді.

Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды батырлардың есімі халық жадында мәңгі сақталады. Олар ерліктің символына айналды.

Бүгінде Түркістан облысында Ұлы Отан соғысына қатысқан үш ардагер ғана өмір сүріп отыр. Сарыағаш қаласының тұрғыны Эрмахон Ишохонов майданға 1942 жылы аттанып, ауыр жаракат алғанына қарамастан, елге аман оралды. Ол көптеген орден-медальмен марапатталған, бүгінде үлкен әулеттің ақсақалы.

Жетісай қаласында тұратын Петр Папков жас кезінен еңбекке араласып, соғыс жылдары бірнеше елді азат етуге қатысқан. Ол ұзақ жылдар бойы бейбіт еңбекте қызмет етіп, құрметке бөленді.

Сайрам ауданының тұрғыны Ахмеджан Анартаев та – майдан даласында ерлік көрсеткендердің бірі. Ол Польша жерін азат етуге қатысып, соғыстан кейін елге оралып, ұрпақ тәрбиеледі.

Бұл ардагерлердің өмір жолы бір дәуірдің тарихы. Олардың ерлік қайсысының тағдыры ерлік пен төзімнің үлгісі. Ұлы Жеңіс күні өткенді еске алып қана қоймай, бейбіт өмірдің қадірін терең түсінуге үндейді. Батырлардың ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегі ұрпақ санасында мәңгі сақталуға тиіс. Себебі тарихын ұмытпаған елдің болашағы ерқашан нық болады.

9 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

## ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖАНДАР

Екінші дүниежүзілік соғысқа Қазақстаннан майданға 1,2 миллионнан астам адам аттанды. Соның шамамен 60 мыңы Қарағанды облысынан шақырылып, олардың 25 мыңы елге оралмады. Өңірде жеңістің 81 жылдығы қарсаңында соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері, блокада куәгерлері мен концлагерьдің бұрынғы тұтқындарына құрмет көрсетілді. Қонақтарды үрмелі аспаптар оркестрі қарсы алды. Ал Талғат Бигелдинов атындағы республикалық әскери мектептің тәрбиеленушілері құрмет дәлізін жасақтады.

### Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ардагерлерді келе жатқан Жеңіс күнімен құттықтап, мұндай кездесулердің маңызы ерекше екенін атап өтті.

— Жылдар өтеді, ұрпақ алмасады. Бірақ адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыста жасалған ерлік мәңгілікке батылдықтың, төзімділіктің және Отанға деген үйіспеншіліктің үлгісі болып қала береді. Сіздер өмірдің қадірін әңгімеден



емес, өз бастарыңыздан өткен сынақтар арқылы білдініздер. Бізге өмір сүруді сөзбен емес, істеріңізбен үйреттіңіздер. Біз осы аманатқа адал болып, бейбіт болашақты бірге құруды жалғастырамыз, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қазір Қарағанды облысында Ұлы Отан соғысының алты ардагері тұрады. Олар — Сұңғат Саттығұлов, Мария Шинкевич, Александр Балабас, Иван Скрипников, Виктор Шелудяков және Анна Котова. Сонымен қатар өңірде 2 029 тыл еңбеккері, 89 майдангердің жесірі, сондай-ақ концлагерьдің бұрынғы 33 тұтқыны мен қоршаудағы Ленинград тұрғындары бар.



Ардагерлердің бірі Сұңғат Саттығұлов майданға 18 жасында аттанған. Ол Сталинградты азат ету шайқасына қатысып, жараланғанына қарамастан қайта сапқа оралып, Жеңісті Минск қаласында қарсы алған.

Тыл еңбеккерлері де өз естеліктерімен бөлісті. Карл Жансағымов соғыс жылдары бала бола тұра колхозда еңбек етіп, масақ теріп, жер жыртықанын айтты.

— Ол кезде барлық жұмыс қолмен атқарылатын. Өмір өте қиын болды. Мен мектепке тек он жасымда бардым. Соғыс балаларының бәрі осының бәрін бастан өткерді. Мұндай қасірет енді қайталанбасын! — деді ардагер.



Ленинград қоршауының ауыр кезеңдерін сол кезде небәрі алты жаста болған Вера Волкова еске алды. Оның отбасы Қазақстанға эвакуацияланған.

— Қазақстанға көрсеткен жылуы мен көмегі үшін шексіз ризамын. Адамдар соңғы нанын бөлісіп, бізге қолдау көрсетті. Біз әбден әлсіреген, титықтаған күйде едік... Мұны ұмыту мүмкін емес, — деді ол.

Соғыс ардагері Анна Котова 102 жасқа толды. Қарағанды облысының Осакаровка ауданында тұратын кейуана әлі тың. Отын жағып, ассуын да өзі дайындайды. Майдан жылдары Анна Никонорқызы госпитальде медбике болған. Ол жүз-

деген жауынгердің өмірін құтқарды. Соғыс басталғанда 18 жаста болған Анна Котова бірден медбикелерді даярлайтын курстан өтеді. Содан кейін өз еркімен соғысқа сұранады. Алайда бойжеткенді әскери комиссариат бірнеше мәрте кері қайтарды. Бірақ Анна өз дегенінен қайтпайды. Әскер қатарына алынған бозбалалар мен бірге соғысқа баруға бел буады. 1943 жылы Анна Котова Украинаның 2-фронтындағы эвакуациялық госпитальға жіберіледі. Соғыс аяқталғанымен мобилизацияға тек 1946 жылдың маусым айында шығады. Өмір үшін арпалысқан әрбір пациент соғыс ардагерінің есінде сақталған.

Мария Ефимовна Шинкевич 1925 жылы 13 сәуірде Қарағанды облысы Ростовка ауылында дүниеге келген. 1944 жылы 19 жасқа толған күні әскерге шақырылды. Мәскеу Бас әскери мектебінде әйелдер мергендік мектебінде оқыған, содан кейін 1945 жылдың тамызына дейін 3-ші Белорусь және Украина майдандарында мерген болған. Жеңісті Прагада қарсы алған.

II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, Кеңес Одағының Маршалы Г.Жуковтың медалімен, «Украинаны азат еткені үшін» және жауынгерлік еңбегі үшін алғысхаттармен марапатталған. Соғыстан кейін көптеген майдангерлер сияқты елді қалпына келтіруде жұмыс істеген.

## ҒЫЛЫМ – ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Қызылорда қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президиумының көшпелі отырысы өтті. Онда өңірлік ғылымды дамыту, өндіріс пен ғылым байланысын күшейту, су ресурстарын тиімді пайдалану және экономиканы әртараптандыру мәселелері кеңінен талқыланды. Ауқымды жиын Мемлекет басшысы айқындаған ғылыми-технологиялық жаңғыру міндеттерін жүзеге асыру бағытында ұйымдастырылды.

### Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Көшпелі отырысқа Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешов, ғылыми ұйымдардың басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар мен кәсіпкерлер қатысты.

Негізінен, Мемлекет басшысының Жолдауында жүктелген міндеттерге сәйкес, экономиканың шикізаттық моделінен өнімді терең өңдеу жүйесіне көшу мәселесі жиынның өзегіне айналды. Сонымен қатар су тапшылығы жағдайында ресурстарды тиімді басқару, цифрлық технологияларды өндіріс пен ауыл шаруашылығына енгізу, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету және өңірлік ғылымның әлеуетін арттыру бағытындағы бастамалар ортаға салынды.



Басқосуда облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов ғылымды дамыту өңір экономикасының басты қозғаушы күшіне айналуды тиіс екенін атап өтті.

«2026-2030 жылдарға арналған облыстың даму жоспарына ғылыми-зерттеу жұмыстары шығындарының үлесі арнайы көрсеткіш ретінде енгізілген. Сонымен қатар облыс әкімдігі жанынан ғылыми кеңес құрылып, кешенді жұмыс жоспары бекітілген. Жалпы, Президентіміз ғылымды ел дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде айқындап отыр. Сондықтан ғылым мен өндірістің өзара байланысын күшейту — уақыт талабы. Бұл тұрғыда соңғы үш жылда өңірде ғылым саласын дамытуға 4 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Былтырдың өзінде 1 млрд 300 млн теңге бағытталып, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда бес есеге артты. Қазір 400-ден астам маман ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстармен айналысуда, — деді ол.



Жалпы, өңірдің ғылыми әлеуетін арттыруда Ы.Жақаев атындағы казак күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының маңызы зор. Институт қазір күріш шаруашылығы, су үнемдеу технологиялары және аграрлық ғылым салалары бойынша жеті ғылыми жобаны жүзеге асырып жатыр. Бұл жобалар ауыл шаруашылығы өнім-

дерінің өнімділігін арттыруға және су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған оң бастама саналады.

«Қазір ғылым саласы жүйелі өзгеріс күтеді. Бұл ретте келешекте ғылыми жұмыстармен айналысудан бөлек, оның қорытынды нәтижесін қаржыландыру ісін де жолға қою қажет. Бұдан өзге, Ұлттық ғылым академиясының корейлік ғалымдармен бірлесіп цифрлық платформа дайындап шықты. Осы арқылы Үкіметтен қаржыландырылған әрбір жоба ұдайы бақылауда болады», — деп өз ойын білдірді Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев.

Оның айтуынша, қазір елімізде ғылымға бөлінген қаржының 70 пайыздан астамы Алматы мен Астана қалаларында тиесілі. Өйткені ғалымдардың басым бөлігі осы ірі орталықтарда шоғырланған. Бұл

тарын басқару, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, қайта өңдеу саласын ғылыми сүйемелдеу, минералдық шикізатты кешенді өңдеу және экологиялық ахуалды жақсарту бойынша нақты ұсыныстар да берілді.

«Өңірімізде ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының көшпелі отырысының ұйымдастырылуының мәні зор. Әсіресе, бұл кездесу жоғары оқу орындары мен ғылыми институттар арасында тәжірибе алаңына айналды деп айтуға болады. Бұл шараларды неғұнба бағыт қамтылып отыр. Оның ішінде күріш шаруашылығын дамыту, мұнай-газ саласының тиімділігін арттыру, су ресурстарын тиімді пайдалану және Арал өңірінің экология мәселесін шешуге басымдық берілді. Жалпы өңірдің әлеуметтік, экономикалық және технологиялық дамуына ғылым мен білімнің ықпалы зор. Соған орай бүгінде инновацияға негізделген және экономиканы жаңа үдерістерге қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстарды жүргізіп жатырмыз», — дейді облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешов.

Көшпелі отырыста ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми-өндірістік орталықтардың және жоғары оқу орындарының басшылары баяндама жасап, өңірдегі экология, су ресурстары, қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібін дамытуға қатысты өз ұсыныстарын жеткізді. Нәтижесінде, Қызылорда облысында ғылым мен өндірісті ұштастыруға бағытталған бірлескен жұмыс жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Сыр өңірінде өткен көшпелі отырыс аясында форсайт-сессия ұйымдастырылып, академия мамандары жергілікті кәсіпорын өкілдеріне технологиялық оққылықтарды анықтау тәсілдерін тәсілдірді. Сонымен қатар өңір кәсіпорындарында енгізуге дайын инновациялық жобалар көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.



ты ұстаз. Ол Қайнар өнірінде дене шынықтыру мен спорттың дамуына зор үлес қосып, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Бұл турнир – тұлға деген құрмет, ұрпақтар сабақтастығы және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған игі бастаманың айқын көрінісі. Қазақстан волейбол федерациясы аталған турнирдің жүлде қорына өз үлесін қосатынын білдіреді және алдағы уақытта да осындай бастамаларды қолдауға дайын екенін жетізеді», – деп көрсетіле келіп, бас жүлдеге федерация атынан 1 миллион теңге атады.

Астанадағы жаңадан ашылған Ұлттық спорт университетіне грант бөлді. Семей сынақ полигоны іргесінде орналасқан, жері тозып, елі тұрақтамауға айналған, кезінде талай жақсылар мен жайсандар ұшырған Қайнар ауылында өткізілген турнир еліміздегі шағын ауылдардың үлкен болашағына сенімді ояты. Сайысты ұйымдастырушылар өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салты мен волейбол спортын насихаттау, ел патриоты, спортшы ұстаздың өмірі үлгісінде отансүйгіштікке, елін шынайы сүю қасиеттеріне баулу, сайыпқыран спортшылар сайысындағы ойындар барысында жастарды командалық рух, еркін бәсекелестік, төзімділік пен табандылық, кимыл-

лықпен қатысып, кейін көпшілігі спорт саласын өмірлік серіктетіп, ұстаз жолын жалғастырған. Мысалы, Н.Қабдрахманов – Қайнар ауылындағы ФОК басшысы, С.Алдабергенов, М.Исабаев – Қайнар орта мектебінде (Ерлан Искаков, кайтыс болды), М.Қаржаубаева, Р.Мәдениетов, Ұ.Жангуттин, Ғ.Қойшыбеков, С.Оспанов, Н.Қойшыбаев – Астана қаласындағы мектептерде, А.Болатов, Н.Абдрасилов, М.Көпбаев, А.Сандықбаев, С.Мұхтаров – Семей қаласындағы мектептерде, А.Қайроллин – Көкентау ауылындағы мектепте дене шынықтыру пәні мұғалімдері. Олар сүйікті ұстаздарының ісін жалғап, жас ұрпақты шындап, тәрбиелеу жолында еңбек етуде. Мұның бәрі – Берк Саматұлы еңбегі, спортқа деген ұшан-теңіз махаббатының жемісі.

# СПОРТШЫ-ҰСТАЗ

# АЙЫНДАҒЫ ТУРНИР

Абай облысы, Жаңасемей ауданы (бұрынғы Абыралы ауданы), Қайнар ауылында білім мен тәрбие беруге, спортты өркендетуге үлкен үлес қосқан танымал тұлға, саналы ғұмырын білім мен спортқа арнаған, 14 жыл бойы мектеп директоры қызметін абыроймен атқарған, шәкірт тәрбиелеуде өшпес із қалдырған үздік бапкер, жоғары санатты мұғалім, «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері, ұлағатты ұстаз Берк Сәрсенбековті еске алуға арналған республикалық ашық турнир өтті.

Турнирге қатысуға республика бойынша 5 облыстан 12 команда: Семей қаласынан – үш, Астана қаласынан – бір, Павлодар облысы, Абай ауылы (Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы), Тарбағатай (ШКО), Доғалаң, Шакаман және Қайнардың ауылдарынан командалар ресми өтініш берді. Турнирді өткізуге бастама жасаған және басты демеуші болған – Берктің әке-шешесі, Абыралы өніріне белгілі ұстаздар Самат Сәрсенбеков пен Өзипа Жәйкенованың ұрпақтары мен өз отбасы. Турнирді ұйымдастыруға Абай облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы, Жаңа-

Рахым Мейржанның турнирдің өте жоғары деңгейде өтуіне қосқан үлесі зор. Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың құттықтау хатын ведомствонның аппарат басшысы, Берк Саматұлының шәкірті Роллан Серіков арнайы әкеліп табыстады. Хатта: «Берк Саматұлы ауыл жағдайында, шектеулі мүмкіндіктерге қарамастан, мектеп спорт залы мен ауласында ғана жұмыс істеп, жасөспірімдерді спортқа баулады. Осы қарапайым еңбек арқылы ол жүздеген шәкіртке жол көрсетіп, спортқа деген қызығушылықты қалыптастырды. Бұл – нағыз ұстаздық пен жанашырлықтың үлгісі», – деп атап көрсетілген.



Нәтижесінде, Берк Саматұлының бір туған бауырлары атаған 1 миллион теңгеге аталмыш қаражат қосылып, бірінші орынның жүлде қоры 2 миллион болды. Сондықтан да болар финалдағы ойындар тартысты өтті.

Екінші орынның жүлде қорына Қайнар ауылы жастары – Берктің шәкірттері жарты миллион теңгені ұсынды. Берктің кластас достары үшінші орынға үш жүз мың теңге атады. Жеке үздік ойыншыларға жүлде атаушылар – Берк Саматұлымен кезінде бір алаңға шыққан «доп достары» (ардагер спортшылар), әріптестері, Қайнар орта мектебінің әр жылғы түлектері өте көп болды.

Турнирге сондай-ақ Абай облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Мерей Қайрат, Жаңасемей ауданы әкімшілігінің өкілдері келіп, құттықтау сөз сөйледі.

Спортшы-ұстаздың жылдық асына орай 2024 жылы шығарылған естеліктер кітабы арқылы спортсүйер осындай ауылмен етене танысқан Қазақстан волейбол федерациясы мектептің биылғы екі түлегіне

қозғалыс шеберлігіне тәрбиелеуді мақсат тұтты.

1992 жылы Семей педагогикалық институтының Дене шынықтыру факультетін бітіргеннен бастап өмірінің соңына дейін 30 жылдан артық С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінде табан аудармай жұмыс істеген Берк Саматұлының өмір жолы – дәл осындай жанкештілік үлгісі. Спортшы-ұстаздың өзгелерден жеке ерекшелігі – бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесі, ұстаздық жолға арнап, спортты жан дүниесімен сүйе біліп, оны оқушыларына үйретіп, ерекше ыждаһаттылықпен машықтандырып жеткізді.

Көптеген оқушылар ұстазына еліктеп, спорт үйірмесіне асқан қызығушы-

Үздік ойынымен көзге түсіп, көрермен көзайымы атанған Volley Семей командасына мектептің 1999 жылғы түлектері арнайы қаржылай жүлде тапсырды.

Жарыстың үздіктері: үздік шабуылшы Нұртөре Төлеуха-

Қазақстан волейбол федерациясы атынан бірінші вице-президент А.Көбенов турнирдің өткізілуін қолдап, арнайы құттықтау хат жолдады.



семей ауданы Қараөлең ауылдық округі, С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінің әкімшілігі, Қайнар ауылындағы Дене шынықтыру-сауықтыру кешені (ФОК) атсалысты. Әртүрлі спорттық іс-шаралар өткізу тәжірибесі мол ауыл азаматы, Берк Саматұлының шәкірті

Қазақстан волейбол федерациясы атынан бірінші вице-президент А.Көбенов турнирдің өткізілуін қолдап, арнайы құттықтау хат жолдады. Хатта сондай-ақ: «Берк Саматұлы – бүкіл еңбек жолын білім мен тәрбиеге, жас ұрпаққа спортқа баулуға арнаған жоғары санат-

новка (ҰҚКД), үздік қорғаушы Лияс Дарабаевқа (Тарбағатай), үздік үйлестіруші Фарид Ибраевқа (Қайнар), MVP үздік шабуылшы Расул Мадияровка (Қайнар) сайысты ұйымдастырушылар атынан арнайы қаржылай сыйлықтар берілді.

Спорт – достық пен бірліктің жарышысы. Бұл турнир – тек жарыс қана емес, бұл – тағылым, бұл – құрмет, бұл – ұрпаққа үлгі.

(Жасулан ХАСЕНОВТЫҢ фотолары пайдаланылды)

Ардақ СҰЛТАН

9 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

# АРДАГЕРДІ АЛҚАЛАДЫ



Алматыда Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әскери қызметшілері Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Виктор Изюмниковты құттықтады.

Қорғаныс ведомствосының өкілдері майдангердің үйіне әскери оркестрмен барып, Виктор Карповичтің сүйікті әуендерін орындады. Көршілері мен әскери қызметшілер Ұлы Жеңіс жолында ерлік көрсеткен ардагерге алғыстарын жаудырып, қошемет көрсетті. Қарияға Қорғаныс министрінің Алғыс білдірген құттықтау хаты табысталды.

Виктор Карпович Венгрия мен Аустрия жерлерінде шайқасып, Вена қаласын шабуылдауға және Чехословакия шекарасын-

дағы Зноймо қаласын азат етуге қатысқан. Жеңіс күнін сол жерде қарсы алған. Оның жанқиярлық ерлігі ІІ дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен және басқа да марапаттармен бағаланған.

Ардагерді құттықтауға Армия орталық спорт клубының өкілі, Бокстан әлем чемпионы Ангелина Лукас та қатысты. Ол Виктор Карповичке бейбіт өмір сыйлағаны үшін алғыс айтып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және жан жылуын тіледі.

– Виктор Карпович – аңыз адам, жеңімпаз ұрпақтың өкілі. Бүгінгі бейбіт өміріміз осы кісілердің ерлігінің арқасы. Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әскери қызметшілері үшін оның өмір жолы – Отанға адал қызмет етудің және халқына деген шыннайы берілгендіктің үлгісі, – деді Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Раджан Жанысов.

Өз кезегінде ардагер көрсетілген құрмет пен қамқорлық үшін алғысын білдіріп, бүгінде ең маңыздысы – жеңімпаз ұрпақтың ерлігін ұмытпай, жастарды патриоттық рухта, тарихты құрметтеуге және Отанды сүйуге тәрбиелеу екенін айтты.

Осындай кездесулер – ардагерлерге көрсетілген құрмет қана емес, ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі әрі Жеңістің қандай ауыр бағамен келгенін еске салатын маңызды тағылым.

Жамбыл облысының Меркі ауданына қарасты Қызылсай ауылында ел ішінде «Қара кемпір» атанған Қали ананың жұрты жаңғыртылып, «Қали апа музей-үйі» ретінде салтанатты түрде ел игілігіне берілді.

## МЕРКІДЕГІ «ҚАРА КЕМПІР» ҮЙІ



Тағылымы мол шара Қали ананың өмірінен сыр шертетін сахналық көрініспен басталып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Салтанатты жиынға аудан әкімі Ербол Жиенқұлов, Меркі өңірінің тумасы, Қазақстанның Халық әртісі Алтынбек Қоразбаев, актер әрі режиссер, Қазақстанның Халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұлов, облыстық Мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Жүнісбай және сот саласының ардагері Мұсабек Әлімбаев қатысты.

Сонымен қатар ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, зергер-реставратор Берік Әлібаев, Қырғыз Республикасынан арнайы келген делегация және ауыл тұрғындары да шараның куәсі болды.

Жиында Ерлан Жүнісбай мен Ербол Жиенқұлов Қара кемпір ескерткішінің ор-



натылуына бастамашы болған Алтынбек Қоразбаев пен музейді қалпына келтіріп, жаңғыртуға үлес қосқан Берік Әлібаев еңбегін ерекше атап өтті.

Аудан басшысы аталған азаматтарға «Меркі ауданына сіңірген еңбегі үшін» белгісін табыстап, құрмет көрсетті. Сондай-ақ Қырғыз елінен келген делегацияны бастап келген Бақтияр Ашақеев, Алтынбек Қоразбаев, Тұңғышбай Жаманқұлов және Мұсабек Әлімбаев сөз сөйлеп, шараның рухани маңызына тоқталды.

Ауыл тұрғындары да игі іске ұйытқы болған азаматтарға алғыс білдірді. Шара соңында қатысушылар музей ауласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, жаңартылған музей экспозициясымен танысты.

## «КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ» КЕШІ

Астанадағы Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияда «Кестелі орамал» атты мерекелік концерт өтті.

Салтанатты кешке жиналған көрермен әсерлі әуенмен әрленген сахна төрінен халықтың өткен ғасырдағы тарихы, соғыс жылдарындағы рухани беріктігі мен бейбіт өмірдің қадірі жөніндегі қайталанбас өнер туындысына куә болды. Қазақтың дәстүрлі аспаптарының үні мен соғыс жылдарындағы әндердің үйлесімі мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек жетекшілік ететін «Қорқыт» этноансамблінің жанды сүйемелдеуімен көркемделіп, ажарлана түсті.

Концертте соғыс жылдарындағы қазақ шығармалары – «Батыр Бауыржан», «Жас казак», «Ана туралы баллада», «Әлия», сондай-ақ кеңестік кезеңнен кең танылған «Синий платочек», қазақ тіліндегі «Катюша», «Смуглянка», «Темная ночь» және «Журавли» әндері орындалды. Көрерменге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Светлана Айтбаева, Естай Мұқашев, Гүлнұр Оразымбетова, Арайлым Рахымқызы, халықаралық байқаулардың лауреаттары Айдын Жұмабаев, Парасат Отан, Диана Маева, Қымбат Жамбылбек, «Дарын» сыйлығының лауреаттары Мұратбек Хайролда мен Ақбота Құснадин, сондай-ақ «Қазақстан дауысы» жобасының жеңімпазы Құралай Мейрамбек мерекелік көңіл күй сыйлады.

Көрермен көңілін толқытқан мерекелік кештің атауы көрнекті композитор Мұқан Төлебаевтың соғыс жылдары жазылған «Кестелі орамал» атты шығармасынан алынған. Бағдарламаның идеялық жетекшісі, филармонияның эстрадалық вокал бөлімінің көркемдік жетекшісі



Дана Сатаеваның айтуынша, концерт ән арқылы жететін тарихи кешке айналды.

«Кештің атауына айналған «Кестелі орамал» әні майданға аттанған жауынгерлердің отбасымен ұзақ уақыт хабарсыз қалған кезеңін бейнелейді. Олар хат жазып, оның жақындарына жететін-жетпейтінін білмесе де, әр жолына сағыныш пен жүрек жылуын сыйлады. Осы екі сөздің өзінде үлкен нәзіктік пен махаббат жатыр. Сондықтан мұндай әндерді жастар білуі және есте сақтауы керек.

Өйткені бұл туындыларда бейбіт аспан үшін өмірін қиған жандардың рухы сақталған», – деді Дана Сатаева.

Бетгі дайындаған –  
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Газетіміздің келесі саны 14 мамырда жарық көреді.

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтай Байыржанқызы –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баһи ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4737  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,